



МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

Жаңа Қазақстанды құру кезеңі басталды. Бұл шынайы жаңару кезеңі болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев бейнеконференция байланысы көмегімен Мәжілістің жалпы отырысына қатысып, осылай мәлімдеді. Алдымен ол Мәжілістегі саяси партиялардың фракция жетекшілерінің алдында сөз сөйлеп, Үкімет басшысы лауазымына Ә.Смайыловтың кандидатурасын ұсынды.

Кандидатураны талқыға салған фракция жетекшілері оны бірауыздан қолдады. Осыдан кейін Қ.Тоқаев Ата Занның 44-бабына сәйкес, Премьер-Министр лауазымына тағайындауға келісім беруі үшін Смайылов Әлихан Асханұлының кандидатурасын Мәжіліс қарауына ұсынды.

Парламенттік фракциялардың жетекшілері, депутаттар кандидатқа қолдау білдіріп, сөз сөйледі. Талқылаулардан кейін дауыс беру рәсімі өтіп, сол арқылы Мәжіліс Президенттің Ә.Смайыловты Үкімет басшысы лауазымына тағайындау жөніндегі ұсынысына келісім берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ә.Смайыловты Премьер-Министр лауазымына тағайындау туралы Жарлыққа сол жерде қол қойды. Жалпы, тәуелсіз Қазақстан тарихындағы 12-ші Үкіметті ірі істер, ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Себебі Мемлекет басшысы тың бетбұрыстарға бастамашы болды. Жана Министрлер кабинетіне саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардағы және ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселелерді шешу үшін нақты міндеттер жүктелді.

(Жалғасы 2-бетте)

Тағайындау

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ержан Хозеұлы Қазыхан Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары — Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Аида Ғалымқызы Балаева Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Дархан Медеғалиұлы Жазықбаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Айбек Арқабайұлы Дәдебаев Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысы лауазымына тағайындалды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамы бекітілді.

Әлихан Асханұлы Смайылов Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;
Роман Васильевич Скляр — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары;

Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;
Мұхтар Бексенұлы Тілеуберді — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Сыртқы істер министрі;

Бакыт Тұрлыханұлы Сұлтанов — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Сауда және интеграция министрі;
Ғалымжан Тельманұлы Қойшыбаев — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі кеңесшінің басшысы;

Мұрат Кәрібайұлы Бектанов — Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі;
Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев — Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі;
Асқар Қуанышұлы Омаров — Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі;

Ербол Шырақпайұлы Карашөкеев — Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі;

Канат Сергейұлы Мусин — Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

Асхат Қанатұлы Аймағамбетов — Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі;

Ажар Финият — Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

Серік Жамбылұлы Шәпкенов — Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі;

Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаев — Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі;

Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев — Қазақстан Республикасының Қаржы министрі;

Дәурен Әскербекұлы Абаев — Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі;

Юрий Викторович Ильин — Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі;

Әлібек Сакенұлы Қуантыров — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі;

Бағдат Батырбекұлы Мусин — Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі;

Серікқали Аманғалиұлы Брекешев — Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі;

Болат Оралұлы Ақшолақов — Қазақстан Республикасының Энергетика министрі болып тағайындалды.

LRT-ны салу қажет пе?



Әуежай мен вокзалды жалғанан бетон бағаналардың тұрғанына бірнеше жыл болды. Үлкен сеніммен басталып, соңы аяқсыз қалған LRT құрылысының қызығын халықтан бұрын жемқорлар көрген секілді. 15 жылдың ішінде бұл жобаға бюджеттен 150 млрд теңге бөлінді. Қазірге дейін жұмыстың бар-жоғы 17 пайызы орындалған. Бөлінген қаржыны жымқырғандарға қылмыстық іс те қозғалды. Алайда әлі күнге дейін LRT жыры бітпей келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында тұрғындардың ашуына тиетін проблеманың бірі астанадағы LRT құрылысын бұзудың тиімсіз екенін айтты. Жалпы, аталған құрылысқа қатысты ел ішінде пікір әр алуан. Осыған орай біз урбанист мамандардан LRT-ның болашағы жайлы сұраған едік.

4 >>



ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс режимінде шұғыл әрекет ету штабының кезекті отырысы өтті. Жиын барысында Бас прокурор, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Ішкі істер және Қорғаныс министрлерінің міндетін атқарушы тұлғалар баяндама жасады.

Бас прокурор Қасым-Жомарт Тоқаевқа төтенше жағдай режимін бұзған 2 161 адамның әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы мәлімет берді. Оның айтуынша, лаңкестікке қарсы іс-қимылдар басталған күннен бастап елімізде 412 қылмыстық іс, соның ішінде террорлық актілер мен кісі өлтіру бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған. Прокуратура органдары Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, сұйытылған газ өндіретін субъектілердің баға бойынша ымыраласу деректерін тексеруді жалғастырып жатыр.

Ішкі істер министрлігі тарапынан Президентке Алматы қаласында, Алматы, Жамбыл, Қызылорда және басқа да облыстарда террористік топтарды жою мен қылмыскерлерді ұстау бойынша арнайы операцияны жалғастыру туралы есеп берілді. Кісі өлтіру, билік өкілдеріне қатысты зорлық-зомбылық, бұзақылық, мемлекеттік органдардың ғимараттарына шабуыл жасау фактілері бойынша барлығы 388 қылмыстық іс қозғалды. Дәлелдемелер базасын

жинау және тіркеу, оқиғалар хронологиясын қалпына келтіру бойынша жедел іс-шаралар жүргізіліп жатқаны айтылды.

Қарулы Күштер терроризмге қарсы операцияны жүргізуде ҰҚК мен ПІМ-ге көмек көрсетіп жатыр. Өткен тәулікте 11 елді мекендегі блок-бекеттерде әскери қызметшілер 38 адамды ұстады. Олардың 23-інен атыс және суық қарулар табылды. ҰҚК Шекара қызметімен бірлесіп, әскери авиацияның қолдауымен таулы жерлерде барлау-ізвестіру іс-қимылдары жүргізіліп жатыр. Әскери қызметшілердің жұмысы 25 елді мекендегі 105 блок-бекетте жалғасады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметіне қарағанда, еліміздегі жағдай тұрақталып келеді. Аса қауіпті деструктивті іс-қимыл тіркелген жоқ. «Кибершит» жүйесі штаттық режимде жұмыс істеп тұр.


Жиын соңында Президент қоғамдық тәртіп пен елдегі қауіпсіздікті қалпына келтіруді қарқынды жалғастыруды тапсырды.

Вирустың елдегі екпіні қатты

Қазақстанда эпидемиологиялық ахуал нашарлап барады. Соңғы тәулікте коронавирусты жұқтырғандар 2 мыңға жетті. Индет басталғалы ауырғандардың саны миллионнан асып жығылған. «Қызыл» аймақтағы Нұр-Сұлтан қаласының қатарына Шымкент қосылды. Әлемде де жағдай мәз емес. «Омикронның» жылдам таралуы жағдайды ушықтырып жіберген. Дәрігер тапшы, ауруханаларда орын жок, дәріханаларда дәрі жетіспейді.

Елімізде науқастардың басым бөлігі «дельта» штамын жұқтырған. Ал «омикрон» әзірге Алматы, Нұр-Сұлтан және Ақтөбе қалаларынан анықталды. Мамандардың айтуынша, «омикрон» штамының көбеюіне байланысты коронавирус жұқтырғандар да артып жатыр. Республикада эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары «қызыл» аймақта. Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстары «сары» аймақта. Қалған Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облыстары әзірге «жасыл» аймақта.

3 >>



Қалалар қашан қалпына келмек?

Соңы бүлікке жалғасқан елдегі шерулердің экономикалық зардабы көпке дейін мемлекетке сызат боларын алдын ала болжаған едік. Осы күні лаңкестердің кесірінен ел үшін маңызы бар Алматы, Талдықорған, Шымкент, Қызылорда мен Тараз қаласындағы біраз ғимараттар қирап, бүлінген. Ал оны қалпына келтіру бір күнде біте салар іс емес. Қыруар қаржы мен ресурс шығын болып, еңбек күші қажет болады. Кемі 2 айсыз бұрынғыдай қалалардың көркем кейпін көре алмауымыз мүмкін.



ШАҒАРЛАР ОРНЫНДА ШАҢ ҚАЛА ЖАЗДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүлінген, қираған, өртенген ғимаратты көп қалаларды тез арада қалпына келтіру қажетін айтты. Дегенмен оның өзі қыруар қаржы мен ресурсты қажет ететіні айтпаса да белгілі. Қазір барлық өңірдегі шығынның түпкі нәтижесі анықталып үлгерген жоқ. Дегенмен жағдайдың жақсы емес екені онсыз да анық. Мәселен, елдің оңтүстіктегі бас шаһары саналған Алматыда жүздеген көлік өртенді. Оның басым бөлігі мемлекеттік органдарға тиесілі. Дүкендер тоналды. Әрісі қару-жараққа дейін қолды болды. Жергілікті билікке қарасты ғимараттар өртеніп, қирады. Ондағы техника мен мүліктер тағы бар. Ал Шымкентте шамамен 5 мыңнан астам адам қала әкімдігінің ғимаратына шабуыл жасаған.

6 >>

Мемлекет дамуындағы жаңа бетбұрыс

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

ЕЛДЕГІ ОҚИҒАЛАРҒА БАҒА БЕРДІ

Президент алдымен 2022 жылдың басында болған оқиғаларға бағасын бере кетті. Оның байламынша, тәуелсіздік тарихында Қазақстан алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болды. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып өткізген білдік. Енді мұндай жағдайға ешқашан жол бермеу қажет. Қ.Тоқаев «еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беруді» алда тұрған өте маңызды міндет деп белгіледі.

— Ашығын айтсақ, бұл — бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлмдықтың көрінісі. Олардың көздегені — қатігез пиғылдарын іске асыру болғаны айдан анық. Жамбыл облысындағы (Қордайлағы) тәртіпсіздіктер, этносаралық сипаттағы араңдаушылықтар, түрлі қатығыстар — осы қатарда. Қоғамымыздың біртұтастығына ұдайы түрде сына қағумен болды, бұл мақсатта кәсіби дайындалған сценарий негізінде наразылық акциялары пайдаланылды. Радикалды шаралардың нақты орындаушыларын даярлау ісі жасырын жүрген. Ұлттық қауіпсіздік комитеті өкілетті орган ретінде мемлекетті күйретуші осы жұмысқа нақты баға беруге қауқарсыз болды және оған ниеті де болмады. Ол ұлттық қауіпсіздікке төнген төтенше қатерді қалт жіберіп алды, — деді Қ.Тоқаев.

Президенттің пайымдауынша, Қазақстанға шабуыл қоспары әскери, саяси, идеологиялық, дезинформациялық және басқа да қырлардан тұратын тұтас кешенге құрылды. Билікті басып алу ісін мұқият дайындауға кәсіби мамандар тартылыпты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың бағалауынша, контртеррорлық операцияның өткір кезеңі артта қалды. Барлық өңірде жағдай тұрақтанды. Осыған байланысты Қазақстан Президенті ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің негізгі миссиясы табысты аяқталғанын, сондықтан 2 күннен кейін ҰҚШҰ біріккен бітімгершілік контингентін Қазақстаннан кезең-кезеңмен шығару басталатынын және бұл процесс 10 күн ішінде аяқталатынын мәлімдеді. Демек, 24 қаңтарда ҰҚШҰ толығымен елден кетуі тиіс.

Мемлекет басшысы лаңкестік агрессияға тойтарыс беруде ИМ арнайы бөлімшелері жауынгерлерінің, Қорғаныс министрлігі және Мемлекеттік қүзет қызметі әскерилерінің жанқиярлық ерлігін атап өтті.

— Алайда барлығы бірдей өз парызына адалды таныта алмады. Бірқатар қалада ҰҚК департаменттерінің басшылары ұрыс арсеналының жеткілікті болғанына қарамастан, шайқасқа араласпай, барлық қару-жарақты және құпия құжаттарды қалдырып, қызметтік ғимараттарын тастап кеткен, — деп қынжылыс білдірді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Осыған орай ол мемлекет қолға алатын жұмыстардың басымдықтарын айқындады.



Біріншіден, антитеррорлық операция табысты түрде аяғына дейін жеткізілуі тиіс. Тәртіп толық қалпына келтіріледі. Бұл азаматтар көшеде қорықпай, емін-еркін жүрі, оқып, жұмыс істеуі, балалары мен жакындарының қауіпсіздігіне аландамауы үшін қажет.

Екіншіден, ел Президенті бұзақылық қылмыстарға қатысы бар содырларды және олардың жандайшаптарын тегіс тауып, жазалайды. Терактілердің артында кімдер, қандай күштер тұрғаны анықталады. Радикалды топтардың ұйықдағы ұяшықтарының осынша қаптауына, олардың қолбасшылық пункттерінің кен ауқымды қызмет етуіне қүзырлы органдардың не себепті жол бергені, агентуралық жұмыстың неге жүргізілмегені айқындалады.

— Үшіншіден, қаза болған тәртіп сакшыларының, әскери қызметшілер мен карапайым азаматтардың отбасына көмек көрсету — қасиетті борышымыз. Бұл мәселе менің жіті бақылауымда болады. Тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрсемен қамтамасыз етеміз. Төртіншіден, қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіру керек. Тольғымен қалыпты өмірге ораламыз! Қаржы жүйесі мен көлік саласы, азық-түлік жеткізу еш кедергісіз жұмыс істеуі қажет, — деді Қ.Тоқаев.

Тауарлар мен қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды. Үкімет комиссиясы өз жұмысын бастап кетті. Ол азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетеді. Мемлекет қаржылай көмекпен қатар, кәсіпкерлерге басқа да қолдау түрлерін ұсынады: несенің пайыздық төлемдері, айыппұл, өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады.

ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫ ЖАППАЙ ҚАЙТА ҚҰРЫЛАДЫ

Бесіншіден, еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл шаралар жүзеге асырылмақ.

— Сарбаздарды, әскери техника мен қару-жарақты қажетті жерге жедел жеткізу үшін әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға аламыз. Мемлекеттік шекараны нығайтуымыз керек. Миграция, соның ішінде ішкі көші-қон саласын тәртіпке келтіретін кез келді. Қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, оны заңмен реттеу қажет, — деді ол.

Қазақстан Президенті ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бүкіл жүйесі түбегейлі түрде қайта құрылатынын мәлім етті. Қарулы күштер, құқық қорғау құрылымдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, сыртқы барлау — бәрінің жұмысы реформаланады.

Күш құрылымдарына жауынгерлердің соғысу дағды-машықтарын пысықтауға, қорғаныс қана емес, қарсы шабуылдың да тиімді құралдарымен қарактануға шұғыл кірісуге бұйрық берілді.

Ұлттық ұлан сандық және сапалық тұрғыдан күшейтіледі. Өңірлерде оның жаңа бөлімшелері құрылады. ИМ арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің саны артады, ұрысқа қабілеттілігі жоғарылатылады. Барлық күш құрылымдары қызметкерлерінің еңбекақысы көтеріледі.

Полицейлерді құқықтық қорғау нығайтылады. Тәртіп сакшыларына тиісу, оның заңды талаптарына бағынбау үшін жаза қатайтылады.

Ұлттық армияның ұрыс қабілеттілігі түбегейлі түрде арттырылады. Қысқа мерзім ішінде Арнайы операция күштері қолбасшылығы құрылады.

Реформа Шекара қызметін де қамтиды: оны ұйымдастыру және басқару қағидаттары өзгертіледі. Сыртқы, әскери, криминалдық және қаржылық барлау қызметтері де толығымен қайта құрылады.

Күш құрылымдары арасында тиімді, үйлесімді жұмыс жолға қойылмақ.

Тағы бір маңызды жайт: діни экстремизмге қарсы туру бойынша жүйелі іс-шаралар кешені жүзеге асырылады. Жат

ағындардың қылмыс әлемімен, әсіресе түрмеде отырғандармен біте қабысып кетуіне жол бермеу қажеттігі атап өтілді. Әйтпесе, сарапшылар радикалды діни ағын өкілдерінің есірткі саудасын, тән саудасын, сауда орталықтарын және басқа да салаларды өз бақылауына алғанын айтып жүр.

БИЛІК ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУҒА ДЕН ҚОЯДЫ

Әрине, қарудың күшімен ғана елдегі жағдайды түзетуге тырысу — қателік. Президент биылғы қаңтардағы қайғылы оқиғаларға салмақты әлеуметтік-экономикалық проблемалар, кейбір меморандардың тиімсіз, тіпті зиянды жұмысы түрткі болғанына назар аударды. Билік өкілдері бұқараға шекеден қарайды, оның шын мұқтажықтары мен талап-тілектерін білмейді. Елде байлар мен келейлер арасындағы теңсіздік күшейді. Халықтың табысы тек қағаз жүзінде өсті.

— Қолданыстағы жүйе «достарыма — барлығы, қалғанына — заң бойынша» қағидатымен ірі компанияларға қызмет етуге бағдарланған. Шын мәнінде, бұл жүйе экономикадағы олигополианы одан сайын күшейте түседі. Үлкен кәсіпорындар ерекше артықшылықтарға ие, олар елдегі бәсекелестікті басып-жаншиды, реформа жүргізуге кедергі жасайды. Мысалы, Қазақстанның даму банкі (ҚДБ) қаржылық-өнеркәсіптік және құрылыс алпауыттары кіретін таңдаулы тұлғалар тобына арналған жеке банкке айналып кетті. Біз олардың кім екенін аты-жөндеріне дейін білеміз. Олар жоғарыдағы кабинеттерге еркін кіре алатынын пайдаланып, төл жобаларын жүзеге асыру үшін артықшылықты шарттарға қол жеткізді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл топтар мемлекеттің орасан зор ресурстарын шығындайды, ал шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қаржы

жетіспейді. Сондықтан Үкіметке ҚДБ-ны қайта құру жүктелді.

АЛПАУЫТТАР ТАҒДЫРЫ ҚЫЛ ҮСТІНДЕ

Мемлекет басшысы бүгінде алпауыттардың бағаны ымыраласып белгілеуі қалыпты нәрсеге айналғанын сынады. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу саласында қартедьді келісімдер жасасу кең тарайды. Салдарынан ел басшылығының тапсырмалары орындалмайды. Сол себепті Президент қартедьді келісімдер жасасты деген күдік болған жағдайда мемлекеттік сатып алу қатысушыларын тексеруге тыйым салатын мораторийдің күшін жоюды тапсырды.

Мемлекеттік квази-алпауыт — «Самұрық-Қазына» қоры да сынга ілкіті.

— Бұл қордың активі ЖІӨ-нің 60%-ына жуық. Яғни, оның тиімді қызметі бүкіл экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді. Қордың «КЕГФК», «Қазақгаз» және «КТЖ» сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономиканың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды. «Қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма? Ұлттық байлықты еселей алды ма?» деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кенесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма? — деп сауал тастаған Президент Үкіметке квазисекторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді жүктелді. Қордың тендерлеріне қатысты мәселелер де қордаланыпты.

Ел Президенті ауыл шаруашылығын дамыту, субсидиялау мәселелеріне қатысты тапсырмалар берді. Сондай-ақ келенде, әсіресе Қытаймен шекарада былмақты тазартып, тәртіп орнату шаралары қабылданады.

Елде елең еткізген жаңалықтың бірі — Қ.Тоқаев Үкімет мүшелерінің, депутаттардың және өкімдердің жалақысын көтеруге 5 жылдық мораторий енгізді. Өйткені облыс өкімдерінің айына 2 миллион тенгеге жуық жалақы алатыны халықтың көңіл-толмастығын туғызған.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жайына тоқталған Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық банк пен қаржылық реттеушіге «нарықтың сыртқы және ішкі қатысушыларының теңгеге сенімі толық қалпына келгенге дейін» ұлттық валютаның тұрақтылығын ұстап тұруды жүктелді. Олай болмағанда, теңге дереу девальвацияланатынын еді.

Айтқандай, Ә.Смайылов Үкіметі 2025 жылға қарай инфляцияны 3-4%-ға дейін түсіруге, сол үшін тиісті шаралар қабылдауға міндеттелді.

Премьер-Министр 3 апта ішінде Үкіметтің 2022 жылғы Іс-қимыл бағдарламасын дайындауы тиіс. Құжат ақпанның басында Президенттің қатысуымен өтетін Үкіметтің кенейтілген отырысында қаралады.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,

Сенат Төрағасы:

Үкіметке нақты міндеттер жүктелді



Бүгін Мемлекет басшысы өзінің бағдарламалық сөзінде еліміздің алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салалардағы негізгі басымдықтарды белгілеп берді. Сондай-ақ Үкіметтің жаңа құрамына және барлық мемлекеттік аппаратқа нақты міндеттер жүктелді.

Жалпы, қаңтарда болған қайғылы оқиғалар елімізде жүйелі және шынайы өзгерістер қажет екенін көрсетіп берді. Сондықтан Мемлекет басшысы ұзақ уақыт бойы қоғамда талқыланып келген аса маңызды мәселелерге жеке-жеке тоқталды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, мемлекеттік басқару жүйесі қайта құрылуы тиіс. Күштік құ-

рылымдарды реформалау және армиямыздың әскери әлеуетін арттыру мәселесі де өте өзекті. Сондай-ақ мемлекеттің экономикадағы үлесін және әлеуметтік теңсіздікті азайтудың маңызы зор. Бұл ретте «Самұрық-Қазына» қоры мен тұтас квазимемлекеттік сектордың жұмысын қайта қарау күн тәртібіне шығып отыр. Шағын және орта бизнесті жаппай дамыту және өңірлердің

дамуындағы теңгерімсіздікті жоюға тиісті жағдай жасалады. Мемлекет басшысы еліміздің саяси жүйесін одан әрі демократияландыру қажеттігіне баса мән берді. Бұл бағыттағы нақты бастамалар сарапшылармен және қоғаммен жан-жақты пысықталып, осы жылдың қыркүйегінде көпшілікке таныстырылады.

Жалпы алғанда, бүгін ұсынылған шаралар жүйелі сипатқа ие. Олар мемлекеттік басқару жүйесін, экономиканың құрылымын, әлеуметтік саланы түбегейлі өзгертуге, азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған.

Осылайша, еліміз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басып отыр. Бұл — тұтас мемлекеттік басқару жүйесін меритократия, әділеттілік және ашықтық қағидаларының негізінде қайта құру кезеңі.

Осы жолда Парламент Сенаты Мемлекет басшысының барлық бастамасын қолдай отырып, заңнамалық тұрғыдан оларды сапалы әрі уақытылы қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды жүргізе береді.

Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

#КүшімізБірлікте #Силав Единстве

Тағы бір қару қоймасы табылды

Алматы қалалық комендатурасы тәртіпсіздік кезінде қару-жарақ дүкенінен ұрланған қару-жарақтың бір бөлігінің табылғанын хабарлады.

Оны Алматы облысының 18 жастағы тұрғыны жасырған екен. Қаруды жасырған жігітті Алматы қаласы Наурызбай ауданының полиция қызметкерлері құрықтады. Ол тергеу кезінде қару сататын дүкендерді тонауға қатысқанын мойындады.

Полиция өкілдері мылтықтардың қарындары жасырын орында сақталғанын анықтаған. Мамандар бұл қарулардың қаладағы тәртіпсіздіктер кезіндегі басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғын анықтаумен айналысып жатыр.

Ш.ТАТЫХАНҰЛЫ



Туристер елге оралады



Жаңа жылды шетелде қарсы алып, елге қайтуына төтенше жағдай кедергі болған қазақстандық туристер 14 қаңтарға дейін үйлеріне оралады. «Туристік Қамқор» корпоративтік қорының мәліметінше, кешегі күннен төрт репатриациялық рейс жоспарланыпты.

«1 мыңға жуық турист Біріккен Араб Әмірліктерінде қалды. Бірақ ол жақтан ұшақтар күн сайын ұшып келіп жатыр. Сондай-ақ Анталиядан да рейс ашылды. Рейстер SCAT және Air Astana әуекомпанияларының ұшақтарымен орындалып жатыр. Қазақстанға оралу қалыпты кесте бойынша жүзеге асады», — деді «Туристік Қамқор» корпоративтік қорының жетекшісі Инна Рей.

Қор өкілдері алматылық туристердің барлығын Нұр-Сұлтан қаласына әкелетінін және олардың барлығын қонақүйлерге орналастыратынын айтты. Кейін олар Алматы теміржол көлігі арқылы жөнелтіледі.

Ш.КҮЗЕКБАЙ

ШКІР

Партия халыққа көмек көрсетті

«Nur Otan» партиясы қашанда халықпен бірге өкенин көрсетіп, өзінің барлық күшқуатын халықты қолдауға, елдікті сақтауға және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағыттайды. Елімізде болған төтенше жағдайдан соң партияның барлық ресурсы Мемлекет басшысының елдегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмаларын орындауға жұмылдырылды.



Алматыда кәсіпкерлер, меценаттар, мәслихат депутаттары қатарынан «Nur Otan» партиясының жүзге жуық белсендісі әскери қызметшілерге, патрульдік-құзетшілерге, метрополитен мен қаланың коммуналдық қызметкерлеріне гуманитарлық көмек көрсетуді жалғастырып жатыр. «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері мен партияның Алматы қалалық филиалының белсенділері, сондай-ақ праймериз қатысушылары Аида Бекманова, Бақтияр Блаев, Бақытбек Жұмбаев, Талғат Тілешев және басқалары аудандық өкімдіктермен, Раһүт Әлеуметтік үйімен бірлесіп, тұрмысы төмен, көмекке мұқтаж алматылықтарға бірінші кезекте қажетті азық-түлікпен, ыстық тамақпен қамтамасыз етті. «Каз-ФерроСталь» ЖШС жанындағы бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қайырымдылық мұқтажлықтарына және қаланы абаттандыруды қамтамасыз етуге 4,5 млн теңге, ал «АЗМК» ЖШС жанындағы бастауыш партия ұйымына 6 млн теңге бөлді. Әуезов ауданында аз қамтылған тұрғындарға 6,5 млн теңге, Наурызбай және Алатау аудандарында 5,5 млн теңгеге көмек көрсетілді.

«Jas Otan» Жастар қанаты еріктілерінің күшімен екі мыңнан астам әскери қызметші, құқық қорғау органдары мен коммуналдық жұмыс қызметкерлері 6 қаңтардан бастап үздіксіз ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Гуманитарлық көмекпен Алматының 10 жоғары оқу орны мен колледждерінің 2 мың студенті қамтылды.

Осы сағатта Алматы қаласының барлық ауданына шамамен 30 млн теңге көлемінде көмек көрсетілді. Партияның қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейіраман Отыншевтің айтуынша, алматылық партиялықтар өзара іс-қимыл мен алғашқы көмек көрсетуді жалғастырады.

Қазір «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен облыс көлемінде ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Жергілікті меценаттардың, өрденгейлі мәслихат депутаттарының, «Jas Otan» Жастар қанаты мен партия белсенділері тарапынан 7 қаңтардан бері әскери және полиция қызметкерлеріне гуманитарлық көмек көрсетілді.

Оның ішінде облыс аумағында блок-бекеттерді қою мақсатында «Jas Otan» Жастар қанаты арнайы бекет құратын турнирлер жеткізіп берді. Еріктілер жасағы күнделікті блок-бекеттегі адамдарға ыстық тамақ және жанар-жағармаймен қамтамасыз етуде. Мәселен, Қарасай ауданында «Ана мен бала» қайырымдылық мекемесінің ұйымдастыруымен ауыл тұрғындарына азық-түлік, үн таратылған болса, Талдықорған қалалық мәслихат депутаты, фракция жетекшісі А.Жазықбаев ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға азық-түлік себеттерін таратты. Сонымен қатар облыстық мәслихат депутаттары Ж.Жазықпаева, А.Сүлейменов, С.Нұрәулетов, С.Шенгелбаев, Б.Абишев, Д.Каримов және партия жақтасы В.Өмірбеков, Талдықорған қалалық мәслихат депутаттары К.Жұмбаева, Ә.Мәндіков пен «Білім» БПҰ мүшелерінің ұйымдастыруымен облыс көлемінде орналасқан блок-бекеттерге ыстық тамақ жеткізілді.

Бүгінде партия мүшелері мен жақтастарының қолдауымен 10 000 литрден астам жанар-жағармай және 7 млн теңге көлемінде азық-түлікпен көмек көрсетілді. Облыс көлемінде құрылған қоғамдық пікір көшбасшылары, фракция мүшелері мен БПҰ төрағалары жеке аккаунттарынан Жетісу жұртшылығын бірлік пен сабырға шақырып, посттар жариялап жатыр.

Батыс Қазақстан облысында да осы тектес жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Фракция мүшелері қаланың барлық 20 округіне бөлініп, Мемлекет басшысының тапсырмаларын түсіндіру бойынша рейдтер жүргізді. Қалалық және облыстық фракцияның депутаттары құқық қорғау органдарына ыстық тамақ ұйымдастырды. Қала орталығының CALL байланыс орталығына келіп түскен арыз-шағымдар, ұсыныстарға БПҰ басшылары мен фракция депутаттары өздеріне сеніп тапсырылған округтерге облыстағы жағдай туралы хабарлап, түсіндірме жұмыстарын

жүргізді. Облыстық «Jas Otan» Жастар қанаты еріктілері блок-бекеттердегі тәртіп сақшыларына 50-ден астам ыстық тамақ пен дәруменге толы жеміс-жидектер таратуды ұйымдастырды.

Орал қаласында «Халық сақшысы» жасақтары құрылды. Тұрғындар қаладағы қауіпсіздікті сақтау, қоғамды тұрақтандыру мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне көмектесу үшін біріккен. Олардың ішінде спортшылар және өзге салаларда қызмет ететін волонтерлер бар. Өндірісте жұмыс істейтін 500 ерікті қаладағы тәртіп сақшыларының қасына жылып, көмек етуге дайын екендерін жеткізді. Қаланың тыныс-тіршілігіне бейжай қарамайтын еріктілер қоғамдық тәртіпті сақтау үшін барын тасып көмектесіп жатыр. 100-ден астам жасотандық белсенділер коменданттық сағаттың талаптарын сақтау жөніндегі түсіндірме үн қағаздарын таратып, мұқтаж жандарға демеушілердің көмегімен азық-түліктер жеткізуді тоқтатқан емес. Алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғасалы. «Nur Otan» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мұрат Мұқаевтың айтуынша, қазір атқарушы органдардың, қарапайым партия мүшелерінің, қоғамның үйлесімді жұмысының арқасында облыста жағдай тұрақты.

«Nur Otan» партиясының Жамбыл облыстық филиалы Мемлекет басшысының қолдай отырып, елдегі тұрақтылықты қайта қалпына келтіруге атсалысып келеді. Арандатушылардың сөзіне еріп, облыс орталығына тәртіпсіздік белең алған уақытта бірқатар партияның мүшелері, халық қалаушылары жиналғандарға басу айтып, тәртіпке шақырды.

Қазір партия мүшелері, кәсіпкерлер және көптеген ерікті бірлесіп отырып, тәртіпсіздік уақытында зардап шеккен нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстарына кірісіп кетті. Атап айтқанда,

олар облыс аумағындағы блок-бекеттердегі тәртіп сақшыларын ыстық аспен қамтамасыз етуде. Сондай-ақ облыстық филиалдың қызметкерлері мен белсенді партия мүшелері жарақат алғандар үшін қан тапсырды.

Шымкент қаласында да филиал тарапынан бірқатар жұмыс жүзеге асырылып жатыр. Қалалық филиалдың өртенуіне байланысты қалалық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы фракциясы мүшелері «Жастарды қолдау» аймақтық қоғамдық кеңес төрағасы, «Оттаустрой» ЖШС бас директоры Аслан Алимбек, М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, Партиялық бақылау комиссиясының төрайымы, «Білім және ғылым» БПҰ төрайымы Дария Қожамжарова және фракция жетекшісінің орынбасары Saigram-Orkeniet БПҰ төрайымы, Сайрам көмекші-интернат колледжінің директоры Жалыра Танатарова өздерінің жеке есептерінен ғимаратты жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Барлық фракция мүшелері күнделікті қауіпсіздікті қамтамасыз етіп тұрған еріктілер мен әскери қызметкерлерге тамақ тасып жүр. Фракция мүшелері, меценат, «Санаლი групп» ЖШС директорының орынбасары Байкен Әшірбаев және кәсіпкер-меценат Мұрат Жолдыхожаев тәулік бойы қалада қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 200 азаматтан тұратын еріктілер тобын құрып, өз үлесін қосты.


М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, Партиялық бақылау комиссиясының төрайымы, «Білім және ғылым» БПҰ төрайымы Дария Қожамжарованың және ОҚПУ проректоры, «Білім және ғылымды дамыту» жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес төрайымы Баршағұл Исабектің жетекшілігімен университеттердің ұжымы және студенттер төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен науқастар үшін қан тапсырды. Қаладағы филиалдың 35 қоғамдық пікір көшбасшылары мен барлық фракция мүшелері, 51 БПҰ төрағалары, 11 аймақтық кеңес төрағалары мен мүшелері және «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері жеке аккаунттарында жұртшылықты бірлік пен сабырға шақыратын пост жариялады.

Бүгінде әр аймақта барлық партия мүшесі мен жақтастары өздерінің адал еңбектерімен, жеке қаражаттарымен бұзақылар қолымен бұзылған ғимараттарды қалпына келтіруге көмектесіп жатыр. Сондай-ақ тәртіп сақшыларын ыстық тамақпен, жекелеген гигиеналық заттармен қамтамасыз етіп жүр. Бұл жұмыстар жер-жерде асқан ұйымшылдықпен жүргізіліп жатыр. Ел тұтастайын сақтау мақсатында бүкіл халық жұдырықтай жұмылып, бұл қиындықтан да бірге өтетініне сенім білдіреді.

Әбілмансұр ЖАСАН



Максұтбек АЙТМАҒАНБЕТ,
«Әкелер одағының» төрағасы:



ХАЛЫҚҚА ЕҢ КЕРЕГІ — ҚАУІПСІЗДІКТІ СЕЗІНУ

— Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына көңілім толды. Өйткені Мемлекет басшысы халықтың көкірегінде, ел аузында талай уақыт айтылып жүрген нәрселерді ашық айтып, көтергеніне ризамын. Бұл бұлай бірлік мәселе тек ашық айтылып, талқыланса екен. Сонымен қатар көтерілген мәселелер тез арада зерделеніп, нақты шешімдер қабылданса, нұр үстіне нұр болар еді. Қазақта «халық айтса, қалт айтады» деген сөз бар, осыны ұмытпайық!

Қазір ең басты мәселе — мемлекетіміздің қауіпсіздігі. Көріп отырғанымыздай, өзге елдің қарулы күштеріне жүгініп отырмыз. Бұған мәжбүр болдық, оны түсініп, көзіміз жетіп отыр. Оның үстіне, бейбіт шеруге шыққандарды террористермен араластырмау керек. Себебі ланкестер мен халыққа қарсы шыққан элементтер қолданылды. Нәтижесінде, он мыңға жуық адам қамауға алынды. Олардың ішіндегі бейбіт шеруге шыққандар да бар шығар. Міне, солар жазаға тартылып кетпесе екен. Ашық сот болуы тиіс. Ал террористерді соттау керек.

Айтылған дүниенің ең ауқымдысы — еліміздің қауіпсіздік органдарының реформасы. Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ұлттық ұлан, әскер, полиция толығымен еліміздің тәуелсіздігін қорғауға әрдайым дайын болуы тиіс. Егер әрбір қазақстандық өзінің және отбасының қауіпсіз екенін сезбесе, өзге елге кете бастайды. Алдымен осы мәселені шешкен дұрыс, қалғаны уақытында жөнге келер.



Расул ЖҰМАЛЫ, саясаттанушы:

ПРЕЗИДЕНТ ЕЛДЕГІ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДІ ТАПСЫРДЫ

— Бүгінгі күннің жаңалығы — Мемлекет басшысы алдағы басты міндеттерді жіктеп, Үкімет басшысы тағайындалды. Халық еліміздің жаңаруын күтіп отыр. Осыған орай Президент барлық сала бойынша кемшілігін көрсетіп, түйткілді мәселелерді шешуді тапсырды. Ал жана Үкіметтің Мемлекет басшысының тапсырмасын қалай жүзеге асыратынын уақыт көрсетеді. Әрине, айтылған елдегі мәселелер бұған дейін де қозғалып жүр. Бірақ оны шешушілердің күш-жігері болмаған сыйналып. Президент іске қол түре кірісіп, жігерлі болуды өзінен бастап отыр. Мемлекет басшысының сөзден іске көшу керігін баса айтқаны көңілге үміт ұялатады.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев біраз жәйт пен кейбір құзырлы органдардың қызметін сынады. Расында, бейбіт шерудің арты жаппай тәртіпсіздікке айналды. Ланкестік әрекеттің болғанын Президенттің өзі айтты, сонда ланкестік әрекетке жол беріп, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, басқа да құзырлы органдар қайда қаралды? Тәртіп сақшылары содырлармен күресті, олар қайдан келді? Шекара қызметі қайда? Сан мыңдаған сұрақ. Ендігі мақсат — осыдан сабақ алып, оның кәйталануына жол бермеу!



Динара СӘДВАҚАСОВА,
«Жас ұлан» бірінші балалар-жасөспірімдер ұйымының жетекшісі:

БЕЙБІТ МЕМЛЕКЕТТЕ ӨМІР СҮРГІЗДІ КЕЛЕДІ

— Президент өз Үндеуінде түйткілді мәселелерді қозғады. Еліміздің тәуелсіздігін баянды ету бағытында бірқатар реформаны жүзеге асыруды тапсырды. Бұл жаңалықты жасуандықтар ыстық ықыласпен қабылдады.

Себебі отансүйіштік тәрбиенің қазір маңызы бөрінен де жоғары болып тұр. Өз Отанын сүйген жастар ғана өз елін көркейте алады. Қазақстандықтар митингке шыққандар өзінің бірлігін және азаматтық сананын өскенін көрсетті. Халық жиналып, талап қоя алатынын көрсетті. Билік те халықпен бейбіт диалог құра алатынын көрді. Өкініштісі, бейбіт митингтің тәртіпсіздіктерге айналып кеткені. Шынмен, бір түн, бір мезет ішінде біздің тәуелсіз еліміздің егемендігіне қауіп төнді.

Сол кезде елде төтенше жағдай жарияланғандан бері жастарымыз полиция қызметкерлерімен бірге кезекшілікке, көшелерді патрульдеуге, қажет болған жағдайда блок-бекеттерге шығып көмектесіп жүр. Өйткені жасуандықтар негізі 18 жасқа дейінгі балалар. Сондықтан да бұл жағдайда балаларды волонтерлік қызметтерге тартпаймыз. Бірақ ұйым қызметкерлері барынша көмек көрсетеді. Міне, күні кеше ғана бекетте тұрған адамдарға ыстық шай апарып, донорлық қан тапсырып, қазір республикалық үйлестіру орталығында көмек көрсетіп, өзекті ақпараттарды жинауға қатысып жатырмыз.

Осындайда мемлекетімізге көмек қолын созу — Отанын, елін, жерін сүйетін әр қазақстандық азаматтық парызы. Сыни кезеңдегі Президенттің барлық шешімін қолдаймын. Бәріміз бейбіт мемлекетте өмір сүргіміз келеді. Енді бұл ахуалдың елімізде қайталанбағанын қалаймын.

Вирустың елдегі екпіні қатты

Қазақстанда эпидемиологиялық ахуал нашарлап барады. Соңғы тәулікте коронавирустық жұқтырғандар 2 мыңға жетті. Индет басталғалы ауырғандардың саны миллионнан асып жығылған. «Қызыл» аймақтағы Нұр-Сұлтан қаласының қатарына Шымкент қосылды. Әлемде де жағдай мез емес. «Омикронның» жылдам таралуы жағдайды ушықтырып жіберген. Дәрігер тапшы, ауруханаларда орын жоқ, дәріханаларда дәрі жетіспейді.

Наи́ма НҮРӘЛІ

Елімізде науқастардың басым бөлігі «дельта» штаммы жұқтырған. Ал «омикрон» әзірге Алматы, Нұр-Сұлтан және Ақтөбе қалаларынан анықталды. Мамандардың айтуынша, «омикрон» штаммының көбеюіне байланысты коронавирустық жұқтырғандар да артып жатыр. Республикада эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары «қызыл» аймақта. Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстары «сары» аймақта. Қалған Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облыстары әзірге «жасыл» аймақта.

Мамандар «омикрон» штаммы коронавирустың алдыңғы түрлеріне қарағанда жеңіл өтетінін айтып жатыр. Ол тыныс алу жолдарының тек жоғары бөлігіне тарап, әдеттегі өкпе қабынуына әкелмейтін көрінеді. Бірақ қауіпті бәрі жылдам таралуы болып тұр.

— Қазір халық жаппай бүліктен сон есеңгіреп қалды. Бар назар қаңтар оқи-

ғасына ауып, карантин талаптары ұмытыла бастады. Бірақ вирустың екпіні басылған жоқ. Әлеуметтік арақатысты сақтап, бетперде тағу керек. Коронавирус неге өршіп кетті? Себебі халық қарапайым ережелерге салғырт қарайды. «Омикрон» кезінде әлсіздік, жүрек соғысының жиілігі байқалып, дене қызуы көтерілуі мүмкін. Алайда дәм мен иіс сезу жоғалмайды. Басты белгілері: бас ауруы, мұрыннан су ағу, түшкіру, тамақ ауыру және қатты әлсіздік. Аурудан қорғандың басты жолы — вакцинация, — дейді вирусолог Гүлшара Мырзабекова.

Нұр-Сұлтанда индетке шалдыққандарды емдеу үшін барлығы 7 стационар жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 51 реанимациялық төсек қана бос. Оттегі аппараттарында 18 науқас өте ауыр жағдайда жатыр. Ал республика бойынша 23 725 адам коронавируспен күресіп келеді, 188 адамның жағдайы ауыр, 67 науқас өтпін жағдайы тіпті нашар, 47 науқас өкпені жасанды желдету аппаратында жатыр.

«ОМИКРОН» ӘБІРГЕ САЛЫП ЖАТЫР

Әлемдегі жағдайға тоқталсақ, коронавирустың «омикрон» штаммы COVID-19-дың өзге түрлеріне қарағанда жылдам жұғатын болғандықтан, науқастар саны күрт артып, дерт менделіп барады. Біраз елде ауруханада орын жоқ. ПТР-тест те жетіспей жатыр. Ұлыбритания ауруханаларында бос орын болмағандықтан, жедел жәрдем көліктері сағаттап күтуге мәжбүр.

АҚШ-та да дәрігер жетіспей жатыр. «Омикронның» жылдам таралуы жағдайды ушықтырып жіберген. Қазір әрбір төртінші ауруханада кадр тапшылығы байқалады. Осыған байланысты кейбір мекемелер вирус жұқтырған, бірақ ауруы еш белгісіз



өтіп жатқан дәрігерлерді жұмысқа шығаруға мәжбүр. Ондай қызметкерлер тек коронавирусқа шалдыққан науқастарды емдейді. Сонымен қатар біраз қызметкер вакцина салдырмағаны үшін жұмыстан шеттетілген. АҚШ вирус жұқтыру бойынша әлемде қазір бірінші орында тұр. Соңғы мәліметке сәйкес, науқас саны 60 миллионнан асып кеткен. Көбі «омикрон» жұқтырған, бұл тізімде балалар да жетерлік.

Ал Қытай билігі Ючжоу қаласында локдаун енгізді. Бейжіңнен оңтүстік-батысқа қарай 700 шақырым жерде орналасқан Ючжоу тұрғындарына қаладан шықпауға бұйрық берілді. Қаланың түрлі бөліктеріне арналған ережелер енгізілді: кейбір бөлігінде халыққа кіруге рұқсат берсе де, шығуға рұқсат жоқ. Ал басқалары екеуіне де рұқсат бермеді. Қоғамдық көліктің жұмысы тоқтатылды, тек жедел

жәрдем көліктеріне ғана рұқсат бар. Барлық дүкен, ойын-сауық, демалыс орындары жабық. «Күнделікті тұрмысқа арналған тауарлармен қамтамасыз ететін» кәсіпорындар ғана жұмыс істей алады.

Аустралияда да индет қайта дендеп барады. Өткен аптада ел ең тығыз қоныстанған Жана Оңтүстік Уэльс штатында 30 мыңнан аса науқас анықталып, 16-сы бұл дерттен көз жұмды. Бұл — индет басталғалы тіркелген ең жоғары көрсеткіш.

Жапонияда коронавирустық жұқтырғандар саны соңғы 3 айдың ішінде алғаш рет бір тәуліктің ішінде мыңнан асты. Соңғы рет ел астанасында 8 қазанда 135 адам коронавирусты жұқтырған болатын. Өткен аптада Осака префектурасында 124 адамның индетке шалдыққаны хабарланды. Бұл өңірде 14 қазаннан бері алғаш рет 100-ден асып отыр. Токиода және Жапонияның

басқа жерлерінде COVID-19 жұқтырғандар саны өсіп жатыр.

Италия жұртшылығына да дерт менделіп тұр. Кейінгі тәулікте елде 60 мыңнан аса адам коронавирусты жұқтырған. Әсіресе, балалар жиі ауырады. Әзірге мұнда «дельта» штаммы басым. Науқастардың 79 пайызы осы дертті жұқтырғанымен, «омикрон» да белең алып келеді.

ВИРУС ТАҒЫ ТҮРЛЕНДІ

Кипрде коронавирустың жаңа түрі тіркелді. Ғалымдар оны «дельта» және «омикрон» штамдарының гибриді деп, «дельтакрон» атауын берген. Әзірге коронавирустың жаңа түрі 25 адамға жұғып үлгеріпті. Жергілікті мамандардың зерттеу нәтижелері халықаралық деректер қорына енді жіберілді. Сондықтан «дельтакронның» басқа штамдармен салыстырғанда қаншалықты тез жұғатыны туралы нақты мәлімет әзірге жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 бойынша арнайы өкілі Дэвид Набарро болса, алдағы үш айда коронавирусқа қатысты жағдай ушығады деп отыр. «Пандемия аяқталатын кезең жақын, бірақ оған әлі жеткен жоқпыз» деген ол әлем COVID-19-дың тағы бірнеше толықнына тап болады деп болжам жасалды.

Қорыта айтқанда, арқаны кеңге салуға болмайды. Жоғарыда келтірілген деректер индет басылмай, оның жаңа түрлері пайда болып, тіпті өршіп бара жатқанын көрсетеді. Карантин талаптарының жаппай тәртіпсіздік тасасында қалып қойғаны болмаса, индеттің екпіні басылған жоқ. «Индетке қарсы күресті жалғастыру қажет» деген Президент бұл істі жана Үкімет алдындағы міндеттің бірі ретінде айқындап берді. Ал аурудан сақтану, карантин талаптарын сақтау, қоғамдық жауапкершілікті сезіну — әр адамның алдындағы басты міндет.

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНІ: көлік бағасы арзандай ма?



Көптен бері көлік жүргізушілерінің көкейінде жүрген утилизациялық алым мәселесі Президенттің деңгейіне жетті. Енді сынға ұшырап жүрген «ӨМК операторы» («Оператор РОП») серіктестігінің бұл қызметі мемлекет құзіретіне берілмек. Ал әуелде экология мен экономиканы қатар қорғауы тиіс болған алымның алғашқы мақсаты өзгеруі мүмкін бе? Елімізде көлік бағасы арзандай ма?

УАҚЫТЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қалың ел болып құткен кешегі сөйлеген сөзінде көптеген өткір-өткір мәселелер көтерілді. Былайша айтқанда, жыл басынан бергі оқиғалардан соң елді серпілтіп тастаған жолдау болды десек қателеспеспіз. Соның ішінде утильалым проблемасы соңғы бес жылда ел көкейінде жүрген мәселенің бірі еді. Осы уақытқа дейін дау болып келген бұл жайт кейінгі уақытта әлеуметтік-экономикалық аядан саяси-қоғамдық сипатқа ойысып бара жатқан-ды. Бұл мәселеге осы жолы нүкте қойылды.

«ӨМК операторы» («Оператор РОП») деп аталатын компанияның қызметі кәсіпкерлер тарапынан ғана емес, тұтастай қоғам тарапынан көптеген сұрақ тудырып отыр. Тіпті, осы жекеменшік компанияға қарсы қандай да бір қоғамдық қозғалыстардың пайда болуына дейін жеткен. Үкіметке утильалымды тоқтату және оған «ӨМК операторы» ЖШС-ның иелік етуіне қатысты шара қолдануды тапсырамын. Бұл іспен шетелдердегі сияқты мемлекеттік ұйым айналысуы тиіс. Ал алымдардың өздеріне келсек, олардың мөлшерлемесін қайта

қарау қажет. Бұл мәселе бизнес және қоғам өкілдерімен конструктивті түрде талқылануы керек. Утильалым есебінен отандық автомобиль және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алушыларға ваучерлер беру мәселесі қарастырылсын», — деді Президент.

Осынау бірауыз сөзімен Президент утильалымға қарсы болып келгендердің бірден екі тілегін орындап отыр. Оның біріншісі — утильалымның көлеміне қатысты. Ол Еуропа елдерімен салыстырғанда орташа алғанда 25 есе көп болатын. Ал ол жақтағы өмір сапасы біздің елдегі өмірмен салыстырғанда айтарлықтай жақсы. Президент оның мөлшері қайта қаралатынын айтты. Бастамашыл топ утильалымның мөлшерін Еуропадағы бағаға дейін төмендетеміз деп құлшынып отыр. Екіншісі — утильалымның мөлшері қаншалықты аз болсын, көп болсын, сіз бен біздің салығымыз болып төленетін бұл ақша жекеменшік компанияның есеп-шотына түсіп жатты. Ал ол компания оның есебін берген жоқ. Ашылғаннан бергі 5 жылда «ӨМК операторы» ЖШС шотына 650 млрд теңге түскен екен. Бұл қазіргі бағаммен 1,5 млрд доллар. Енді бұл қаржы мемлекет қазынасына түсетін болады. Сол арқылы оны

пайдаланудың тиімділігі мен мақсатты жұмсалуды артатынына сенім мол.

АЛЫМҒА ТІРЕЛІП ТҮРҒАН МӘСЕЛЕ КӨП

2016 жылдан бері елімізде әкелінетін көлік құралына салынатын утильалым көлемі автомобильдік қозғалтқыш көлемі мен түріне байланысты 460 мыңнан 14 миллион теңгеге дейінгі соманы құрайды. Мысалы, 2,5 литрлік моторы бар Toyota Camry седанын

2016 жылдан бері елімізде әкелінетін көлік құралына салынатын утильалым көлемі автомобильдік қозғалтқыш көлемі мен түріне байланысты 460 мыңнан 14 миллион теңгеге дейінгі соманы құрайды. Мысалы, 2,5 литрлік моторы бар Toyota Camry седанын елге әкелу үшін 1 531 500 теңге утилизациялық алым төленеді. Ал 3,5 литрлік қозғалтқышы бар Toyota Camry үшін 3 522 450 теңге төлеуге тура келеді.

елге әкелу үшін 1 531 500 теңге утилизациялық алым төленеді. Ал 3,5 литрлік қозғалтқышы бар Toyota Camry үшін 3 522 450 теңге төлеуге тура келеді. Бұл — көліктің өз құнымен, кедендік рәсімдеу құнын қоспағандағы баға. Ал бұл сома Ресейде теңгемен алғанда 1 миллионға да жетпейді екен. Оған қоса, утильалымның көлемі

елімізде айлық есептік көрсеткішке байланған. Сондықтан да жыл сайын өзгеріп отырады. Биыл 1 АЕК 3 063 теңгені құрайтын ескерсек, базалық утильалым 153 150 теңге болуы тиіс екен. Сондықтан да олар алым мөлшерлемесін 100 мың теңгеге дейін төмендетуді ұсынып отыр. Бұл шашамен 200 еуро көлемінде болмақ. Ал былтыр 2 917 теңге болған болатын. Бұл Президент араласпағанда утильалым биыл тағы 5%-ға өседі деген сөз. Одан бөлек, мамандар утильалымды алып тастау қажет тұстардың бар екенін айтады.

«Президент бірден екі қоянды бір оқпен атты деуге болады. Бірінші — утильалымды жеке ком-

паниядан алып, мемлекеттік компанияға берді. Бұл — өте қунарлық және құптарлық іс. Екінші мәселе — утилизациялық алымның ставкаларын қайта қарау керек деді. Мәселен, бұл сома Бельгияда 84–208 еуро айналдырылды, Норвегияда 45 еуро, Жапонияда 80 долларды құрайды. Сол сияқты бізде де 80-

100 доллардың айналасында болуы керек. Сонымен қатар жүк көліктеріне және ауыл шаруашылығы техникаларына қатысты утильалымды да алып тастау керек. Сонда бұл жергілікті автопарктың жанаруына алып келеді. Әрі жүк тасымалындағы логистиканы кеш болмай тұрған кезде өз қолымызға алып алуға мүмкіндік бермек. Мәселен, 2020 жылдан бастап елімізде жүк көліктеріне арналған утильалым енгізілді. Негізінен, бұл алым сол салада өндіріс болған жағдайда ғана енгізіледі. Бізде ешқандай жүк көлігі құрастырылмайды. Бірақ ауадан ақша жасап, утильалым алынып келді. Соның кесірінен елімізде жүк көліктерінің паркі ескіріп кетті. Сол себепті де біз оны қайтадан жанартпасақ, бұл мәселе азық-түлік қауіпсіздігі деген өте үлкен проблемаға тірелмек», — дейді сарапшы Нұраддин Садықов.

ЛОГИСТИКА БІЗДЕ БОЛУЫ КЕРЕК

Беларусь сияқты тағы да басқа мемлекеттердің жүк көліктерін бізде уақытша тіркеуге мүмкіндік бар. Ал логистика саласында Беларусь автопарк бізден 2,5 есе көп, Ресейдің автопарк 7 есе көп екенін ескерсек, автожүк тасымалы нарығын олар бізден тартып алды деуге болады. Олар өздерінің көліктерін Қазақстанға уақытша тіркеуге қояды да, еліміздің аумағына кіріп, Қытайдан жүк тасиды. Осы мәселені қазір ескермесек, кейін тасымал бағасын бізде шетелдіктер қоятын болады екен. Былайша айтқанда, Батыс Қытай-Батыс Еуропа жолын қарызға батып біз салғанымызбен, қызығы Ресей, Беларусь, Литва, Латвия, Эстония сияқты басқа елдер көріп отыр.

«2016 жылы бұл мәселе басталған кезде негізгі сылтау — экологиялық жағдайды жақсарту және автомобиль өндірісін қолдау. Бірақ бұл екі мақсаттың екеуі де орындалған жоқ. Сол жылдарға дейін бізде жылына 350–400 мың автокөлікке дейін кіргізіліп отырды. Утильалым енгізілгеннен бастап бұл көрсеткіш 10 есеге дейін азайып кетті. Автоөндіріс дамып кеткен жоқ. Біздегі автоқұрастырушылар көлікке деген ішкі сұраныстың 20%-ын да жаба алмайды. Бізде Ресейден, Армениядан және тағы да басқа елдерден ескі автокөліктерді көптеп алып келу жағдайына әкелді. Одан экологиялық ахуал кері-

сінше нашарламаса, жақсара қоймайды. Сондықтан да бұл қолдан жасалған кедергілер деуге әбден негіз бар», — дейді сарапшы Нұраддин Садықов.

Маманның айтуынша, утильалымнан түбегейлі бас тарта алмайтынымыз анық. Бірақ оның бағасы қымбат болмауы тиіс. Қарапайым ғана мысал, Еуропа елдерінде орташа есебінде 8 000 еуро, ал утильалым кейбір автокөліктерге тегін, ал тегін емес 100 еуродан аспайды. Ал бізде ең төменгі жалақы 85 еураның айналасында. Бізде ешқандай жүк көлігі құрастырылмайды. Бірақ ауадан ақша жасап, утильалым алынып келді. Соның кесірінен елімізде жүк көліктерінің паркі ескіріп кетті. Сол себепті де біз оны қайтадан жанартпасақ, бұл мәселе азық-түлік қауіпсіздігі деген өте үлкен проблемаға тірелмек», — дейді сарапшы Нұраддин Садықов.

«Елімізде соңғы бес жылда кіргізілген кез келген автокөлік бағасында оның бастапқы құнынан бөлек 15–25% аралығында утильалымның ақшасы отыр. Бұл әр автокөліктің жылына, қозғалтқышының көлеміне және тағы да басқа ерекшеліктеріне байланысты. Ал сома автокөлік бағасының ширегіне дейін құрайтын ескерсек, қымбатшылық неден туындайтын көруге болады. Соңғы бес жылда автокөлік бағасы 3,5 есе қымбаттап кетті. Статистикаға жүгінсек, зауыттан шыққаннан 10 жылдан асқан автокөліктер саны елдегі автопарктың 70%-ын құрайды. Бұл оның экологияға қаншалықты зиян әкеліп жатқанын көрсетсе керек.

Агротехникаларға да қатысты осыны айтуға болады. Өйткені бізде құрастырып жатырмыз деген техникалар — Беларусьтың Гомель қаласынан және Ресейден әкелініп жатқан тракторлар. Оны бізде қолдан жасалған «Агро-СельМаш» деген компания жинап шығарғаны үшін табыс көріп отыр», — дейді маман.

Сөз соңында, сарапшы маман утильалым туралы айтқан кезде оған балама ретінде жүретін «бастапқы тіркеу» дегенді де ұмытпау керекін айтады. Өйткені оның мөлшері де өте жоғары. Егер қайта қарап, оның да көлемін 100–200 долларға түсірер болса, бұл халыққа арналған көліктердің бағасының арзандауына ғана емес, орта және шағын бизнестің де дамуына, азық-түлік бағасының арзандауына, агросекторға тың серпін бермек.



Әуежай мен вокзалды жалғаған бетон бағаналардың тұрғанына бірнеше жыл болды. Үлкен сеніммен басталып, соңы аяқсыз қалған LRT құрылысының қызығын халықтан бұрын жемқорлар көрген секілді. 15 жылдың ішінде бұл жобаға бюджеттен 150 млрд теңге бөлінді. Қазірге дейін жұмыстың бар-жоғы 17 пайызы орындалған. Бөлінген қаржыны жымқырғандарға қылмыстық іс те қозғалды. Алайда әлі күнге дейін LRT жыры бітпей келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында тұрғындардың ашуына тиетін проблеманың бірі астанадағы LRT құрылысын бұзудың тиімсіз екенін айтты. Жалпы, аталған құрылысқа қатысты ел ішінде пікір әр алуан. Осыған орай біз урбанист мамандардан LRT-ның болашағы жайлы сұраған едік.

LRT-ны салу қажет пе?



Асхат СӘДУОВ,
урбанист, архитектор:

LRT БІЗГЕ КЕРЕК

— LRT құрылысынан қалған бетондарды жерүсті трамвай салуға пайдалану керек деп ойлаймын. Бұл, біріншіден қала қозғалысына ыңғайлы. Екіншіден, жерүсті трамвай салсақ, жылы стансалар салып босқа шығармаймыз. Тек көшедегі қарапайым аялдамаларды ғана орнатамыз. Барлық үлкен мегаполистерде әуежай мен орталық арасында жылдам қатынайтын қоғамдық көлік түрі бар. Жалпы, осындай көлік түрі бізге керек. Урбанист ретінде мен бұл жобаның қала үшін маңызды нысанға айналатынына сенемін. Трамваймен жүру қала тұрғындарына арзан, әрі астанаға келген адам қаланың мәдениетімен, өмірімен еркін таныса алады. Бұл жоба қазір астанадағы «жемқорлықтың» ескерткішіне айналған. LRT құрылысы біз үшін қымбатқа түскенін бәріміз білеміз. Оны түбегейлі жоямыз десек, тағы қыруар қаржыны желге ұшырамыз. Сондықтан осы қателігімізді болашақта қайталамай, бұзу немесе бұзбау үшін аудит жүргізуіміз қажет.



Алмасхан АХМЕТЖАНОВ,
Алматы қаласының бас архитекторы,
урбанист:

ЕШКІМ ҚЫМБАТ ТАКСИГЕ ОТЫРМАЙДЫ

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндеуінде астанадағы LRT құрылысына қатысты нақты пікір білдірді. Иә, бұл жоба талай жылдар бойы аяқсыз қалып, күрделі проблемаға айналды. Негізі, мұндай инфрақұрылымдық жоба елімізде керек. Бұл, біріншіден экологиялық тұрғыда тиімді болса, екіншіден, қаладағы қозғалысты реттеп, келтілісі азайтады. Нәтижесінде, тұрғындар

жолға кететін уақытын үнемдейді. Қолданысы жағынан трамвай өз-өзін ақтай ма? Осы тұрғыдан қарауымыз қажет. Урбанист ретінде жайлы қала жасау үшін экологиялық таза транспорт керек екенін мойындаймын. Бірақ біз LRT саламыз деп қарызға баттық. Қоғамдық көлік халыққа қолжетімді болуы тиіс. Ешкім қымбат таксиге отырмайды. Ал Еуропа елдерінде трамвай сияқты жайлы транспорттар бұрыннан сұранысқа ие. Негізі, бұл жоба астанаға қарағанда 2 миллион халық тұратын Алматыға қажет.



Диас МАРАТУЛЫ,
Urban Forum Kazakhstan қорының
қоғаммен байланыс маманы, урбанист:

ЖҮЙЕНІҢ МАРШРУТЫ ДҮРЫС ЕМЕС

— Астанадағы LRT сыбайлас жемқорлықтың символына айналып кетті. Транспорттық жағынан қарасақ, миллиондық қалаға LRT қажет. Бірақ бізде жүзеге асып жатқан жүйенің маршруты дұрыс емес. Бұл бағытта астаналықтар жиі қатынамайды. Жобаның мақсаты 2017 жылы ЭКСПО қонақтарын күтіп алуға жүзеге асыру болатын. Сол себепті LRT жүйесінің маршрутына қаланың оң жағалауын да қосу керек. Елорданың көшелері кең. Сондықтан трамвай жүйесін жердің үстіне көтермей-ақ салуға болар еді. Бұл, біріншіден арзан болса, екіншіден, ыңғайлы. Өйткені жерүстіне көтерілуге баспалдақ немесе лифт салуға тура келеді. Онда LRT-да жұмыс істейтін қызметкерлер де көбейіп, жол жүру ақысы қымбаттайды. Шыны керек, қазіргі LRT жүйесі метроға ұқсайды. Ең бастысы, адамдар LRT деген сөзден қорқып қалмауы тиіс. Олай болған жағдайда біз келешекте ешқашан тиімді трамвай жүйелерін пайдалана алмай қаламыз. Кеше В1 Group холдингінің басшысы Айдан Рахимбаев «өз қаржымызбен бетон бағаналарды ала аламыз» деді. Мен бұл ұсынысты қолдаймын. Өйткені LRT-ны салу тиімсіз.

Дайындаған
Көктем ҚАРҚЫН



Апаттан адам көз жұмды

Петропавл қаласындағы №2 жылу-электр стансасында болған апаттан зардап шеккен жұмысшы Ресейдің Омбы қаласындағы ауруханада көз жұмды. Оның қазасының себебі мен салдарын зерттеген комиссия сараптама қорытындысын жариялады.

Естеріңізге сала кетейік, 24 желтоқсан күні Петропавл қаласындағы жылу-электр стансасының қазандық цехында құбыр жарылып, қала жалусыз және ыстық сусыз қалған болатын. Сол апаттан зардап шеккен мердігер компанияның жұмысшысы 27 жастағы Дамир Садыховтың денесін күйік шалып, қалалық көпбейінді ауруханаға жеткізілген. Аурухананың бас дәрігері Жанна Мауытнова науқас денесінің 40 пайызын күйік шалғанын, жағдайы аса ауыр екенін айтқан еді. Ол жансақтау бөліміне жатқызылып, қарқынды ем белгіленгенімен, туыстары Дамирді көршілес Ресейдің Омбы қаласындағы күйік орталығына апарып жатқызылған-тың. Айта кетейік, Петропавлда мұндай арнайы мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымы жоқ. Омбылық дәрігерлер жас жігіттің жанына араша түсе алмады. Бірнеше күннен кейін туыстары оның мәйітін елге алып келуге мәжбүр болды.

Мәселенің мән-жайын зерттеген мемлекеттік еңбек инспекциясының комиссиясы анықтағандай, Дамир жұмыс істеген мердігер компания жылу-электр стансасымен сәуірде жасалған ұзақмерзімді келісімшартқа сәйкес қазандық агрегатын жөндеумен айналысқан.

Мемлекеттік еңбек инспекторы Гүлнар Мырзаканованың айтуынша, қайғылы оқиға Дамир құбырдың жанынан өтіп бара жатқан кезде болған. «Жұмысшылар тан атқаннан бері үзіліссіз жұмыс істеп, сағат 11 кезінде түскі асқа үзіліс жасайды. Сол кезде үш жұмысшы алдын ала белгіленген қауіпсіз жолмен өткен. Ал Дамир Садыхов өтіп бара жатқан кезде құбыр жарылған. Бұл құбыр ашық емес, талапқа сәйкес тығыздалған. Дегенмен ол жарылып, ішінен ыстық бу шыққан. Бұл маңайда сол сәтте Садыхов қана болған. Ол алдымен жылу-электр стансасының медициналық қосынына, кейін жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жеткізілген», — деді мемлекеттік еңбек инспекторы.

Мәселенің мән-жайын зерттеумен айналысқан комиссия құрамына тек Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының өкілдері ғана емес, сондай-ақ энергоқалағалау, өнеркәсіптік қадағалау, «Севказэнерго» АҚ, мердігерлік ұйым өкілдері де енгізілген. Өкінішке қарай, бұл комиссия жазатайым оқиға жұмыс уақытында болған жоқ деген қорытынды жасап отыр. «Бірақ еңбек қызметімен байланыс бар. Жұмыс берушінің кінәсі 100%, қызметкердікі 0% деп белгілеп, тиісті актімен рәсімдеуді ұйғардық. Алай-

да жігіт жұмыс істеген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшылығы мұнымен келісе қояр ма екен? Өйткені жазатайым оқиға басқа кәсіпорынның, яғни жылу-электр орталығының аумағында болған. Жазатайым оқиғаның себебі ретінде тапсырыс беруші — «Севказэнерго» АҚ-на тиесілі бу қыздырғыш коллекторының оң жақ бүйіріндегі құбырдың жарылуы көрсетілген. Бірақ біз тек екі тараптың, яғни қызметкер мен жұмыс берушінің кінәсін анықтау мақсатында зерттеу жүргіземіз. Еңбек кодексіне, тиісті ережелерде осылай жазылған. Ал үшінші тұлғаның кінәсі бар-жоғын қарастырмаймыз және тіпті көрсетпейміз», — деп түсіндірді еңбек инспекторы Гүлнар Мырзаканова. Бірақ оның айтуынша, мердігер мен тапсырыс беруші өзара алдын ала келісімшарт жасасқандықтан, ары қарай олар азаматтық тәртіппен бір-біріне кінә арта алады. «Комиссия технологиялық жақтың өзін зерттеген жоқ. Өйткені жұмысшы осы жабыққа жұмыс істеген кезде жаракат алған жоқ, ол жай ғана сол маңайдан өтіп бара жатқан кезде апатқа ұшырағаны кінәнің қуғызып тұр. Алайда жігіттің кінәсі жоқ. Оның отбасына тиісті төлемдердің барлығы заң бойынша төленеді», — деп нақтылады Гүлнар Маратқызы.

Алайда айдың-күннің аманында арыстай ұлынан айырылып анырап қалған ана үшін барлық төлем құны — бес тиын. Оның қайғысына ортақтасқан жерлестері монополист компанияның басшылары құрал-жабдықты түгел жанартуы тиіс деген пікірде. «Бұл қайғылы оқиға кәсіпорын басшылығының немісқардылығынан болды деп санаймын. Жұмыс беруші әр жұмысшы үшін жауапты. Сондықтан осы оқиға бойынша да кәсіпорын басшылары жауапкершілікке тартылуы тиіс. Бізде қайғылы оқиға болса, басшылардың барлығы сүттен ақ, судан таза болып шығады. Ал қаза тапқан жұмысшылардың барлығы ылғи өздері кінәлі. Жылу-электр стансасында жыл сайын 2-3 адам қаза табады. Құрал-жабдығы, құбырлары шіріп тұрған болса, онда адамдар кіргізілмесін», — деген тұрғыдағы жазбалар әлеуметтік желілерде өріп жүр.

Қалай дегенмен орны толмас қайғылы қаза тұтас отбасының қабырғасын қайыстырып отыр.

Роза ШӘКЕН,
Соттүсік Қазақстан облысы

Ақмолада азық бағасы аспандап тұр

Ел ішіндегі жаппай тәртіпсіздіктерден кейінгі қысылтаң шақта ірі кәсіпорындар мен өндіріс орындарына, шағын және орта бизнес иелеріне бағаны көтермеуге өтініш берілген. Әсіресе, халық тұтынатын әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының бағасын өсірмеуді Президент қадап тапсырды.

Күні кеше Үкіметке азық-түлік бағасын реттеу және тұрақтандыру мақсатында арнайы комиссия құру тапсырылды. Аталған бастамаға сәйкес, еліміздің барлық аймағында бағаларды реттеу жөнінде облыс әкімдігі мен тиісті ведомстволар мен органдардың өкілдерінен құралған комиссиялар жұмысын бастап кетті. Республика бойынша азаматтардың азық-түлік, жанар-жағармай, такси және басқа да қызметтердің бағасының күрт көтеріліп кеткені жөніндегі өтініштері мен арыз-шағымдарын қабылдайтын тәулік бойына жұмыс істейтін жедел желі ашылды.

Дегенмен жұрттың әлеуметтік желілер және басқа да аландарда наразылық білдірген пікірлері мен шағымдары көбейе бастаған. Ақмола облысында да бағаны шектен тыс өсірген жайттар жиіледі.

ӨНІРДЕ СҮТ БАҒАСЫ НЕГЕ ШАРЫҚТАДЫ?

Облыс аумағында халықтың басым бөлігі негізінен пастерленген сүт бағасының дүкендер мен ірі сауда орындарында бірден күрт көтеріліп кеткеніне аландап отыр. Әлеуметтік желілерде желдей ескен тұрғындар сүт құнының бірден 50-70 теңгеге, ірімшік бағасының 250-300 теңгеге дейін қымбаттап кеткенін қызу талқыға салды. Тұрғындардың айтуынша, азық-түлік дүкендерінде өңірде шығарылатын сүт өнімдерінің өзі бірден бірнеше есеге шарықтап шыға келген.

«Жаңа жылға дейін ғана жарты келі ірімшікті дүкеннен 650 теңгеге сатып алғанмын. Жаңа барсам, 930 теңгеге бір-ақ көтерілген. Шамамен 50 пайызға жақындап қалыпты! Бұл не сұмдық? Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке төтенше жағдай кезінде бағаны бақылауға алу туралы қадап тапсырған жоқ па? Өз өңірімізде шығатын бұл сүт өнімдері бағасының осылайша неге күрт көтереді? Онысыз да шықпа, халық, шыңқалап отырған жаным енді қалай күн көрмек?», — дейді Әлфия есімді Көкшетау қаласының тұрғыны.

Аталған мәселе бойынша әлеуметтік желі бетінде жазылған пікірден көз сүрінді. Тұрғындар байқағандай сауда сөрелерінде



осыған дейін 2 530 теңге шамасында тұрған май өнімдерінің де бағасы көтерілген.

Осы жағдайға орай «Гормолзавод» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ерсайын Жаксылықовтың пікірін білгенді жөн көрдік. Кәсіпорын иесі өңірдегі өз өнімдері бағасының күрт көтерілуін былтырғы жылғы жаздағы қуаңшылық және қысқы уақыттағы сүт шикізатының тапшылығымен түсіндірмек болды.

«Біз сүт шикізатын радиусы 300 шақырым аумақтағы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарынан сатып аламыз. Шикізат көлемі қазір тым төмендеп кетті. Осыған байланысты жазғы уақытта шамамен тәулігіне 80 тонна өнім өндірсек, қазір 20 тонна ғана сүт өнімдерін шығарудамыз. Мал әлі төлдегендіктен және жазғы уақытта қуаңшылық болуына байланысты жемшөптің азаюы сүт бағасына ықпал етті. Қазір біз 3,2 пайыздық пастерленген сүтті 270 теңгеден шығарып, сауда орындары 10 пайыздық үстемемен сатып отыр. Басқа да сүт өнімдерінің бағасы аталған себептерге байланысты біршама өсті», — дейді кәсіпорын директоры Ерсайын Жаксылыков.

ҚҰРЫЛҒАН КОМИССИЯЛАР БАҒАНЫ ҚҰРЫҚТАЙ АЛА МА?

Бағаның барлық азық-түлік өнімдеріне өсіп бара жатқанын облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшылығы да мойындады. Жүгенсіз кеткен бағаны бақылау үшін облыс бойынша шұғыл арада комиссия құрылып, оның құрамына облыс әкімінің орынбасары, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, Ауыл шаруашылығы басқармасы, аудан және қала әкімдіктері, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, антимонополиялық комитет және «Көкше» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының өкілдері кірген.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, облыс аумағында дүкендер мен сауда орындарында Үкіметпен бекітілген әлеуметтік маңызды 19 тауар түрлері бойынша баға бақыланып отыр. Бұдан бөлек, азық-түлік өнімдері мемлекетпен реттеуге жатпайды. Аталған тізімдегі азық-түлік бағасы бойынша өзирге заңбұзушылықтар анықталған жоқ. Сауда орындарында бағаның көтеріліп кеткенін байқаған тұтынушылар да жергілікті әкімдікке арыз, сондай-ақ жедел желі арқылы хабар бере алады. Ақмола облысының тұрғындары 8 (7162) 50-40-23, 8 776 122 28 38 телефондары арқылы хабар бере алады. Сауда орындары заңға сәйкес, 15 пайызға дейін үстеме қосуға құқы бар. Ал одан асып кеткен жағдайда тексеріс жүргізіліп, ірі көлемде айыппұл салуға дейін жауапкершілік артылады. Өңірде сүт өнімдері бағасының көтерілуі бойынша арыз-шағымдар қарастырылып жатыр. Қазір облыс әкімі орынбасары, аудан және қала әкімдіктері, Ауыл шаруашылығы, Кәсіпкерлік басқармалары, облыстың Бәсеке-лестікті қорғау және дамыту департаменті мен «Атамекен» палатасының өкілдерінен құралған комиссия жұмыс жүргізіп жатыр», — дейді Ақмола облысы Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Жаслан Айдрхаманов.

P.S.

Төтенше жағдай кезінде бағаны тұрақтандыруға тегеурінді тапсырма берілді. Бірақ өңірлерде бұл тапсырма орындала ма? Халықтың қалтасына аяздай қарыған қымбатшылыққа қалай тосқауыл қойылады? Бұл мәселе күн тәртібіндегі ең басты мәселелердің біріне айналған. Өзірге халықтың пайдасына шешілмей жатқаны байқалып тұр...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Қауіп-қатерге қарсы реформа

Құқық қорғау саласын реформалау еліміз егемендік алғаннан бастап күн тәртібінен түскен емес. Осы уақытқа дейін азаматтардың құқығын қамтамасыз ететін ішкі істер саласына жаңа басшы келген сайын жаңа реформа жасалып та келеді. Күні кеше Мемлекет басшысы елдегі соңғы болған жағдайдан кейін құрылымның жұмысын қайта қарау туралы тағы тапсырма берді.

Жадыра МҮСІЛІМ

90-жылдардың аяғында ІІМ-нің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыру, криминалистикалық сараптама алды жүргізу, экономикалық қылмыстарға қарсы күрес, қылмыстық-атқару жүйесі, халықты құжаттандыру және тіркеу сияқты міндеттері басқа мемлекеттік органдардың қарамағына берілді. Келесі кезекте заннамалық тұрғыдан жетілдіру жұмыстары қолға алынды. Қылмыстық процесі оңайлатуды, тергеуге дейінгі тексеруді қысқартуды көздейтін қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделі енгізілді.

ТАЗАРТУ ЖҰМЫСЫ ЖҮРДІ

Соңғы бірер жылдың өзінде ішкі істер саласында толықтай реформа жүрмесе де, құрылымдық сипатта бірзас өзгерістер енгенін жоққа шығаруға болмайды. Штат саны қысқарды, өзіне тән емес қызметтер алып тасталды, фронт-кеңселер ашылды, департамент бастықтарының халықпен тікелей байланысқа шығуы секілді оң өзгерістер бар. Мысалы, 2012 жылы

құқық қорғау органдарының қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттау өтті. Ауқымды тазартудан соң қызметіне лайықтылар мен лайықсыздар сараланып, сынақтың нәтижелері кімнің кім екенін анықтап берген. Осылайша, құқық қорғау саласында қызмет етіп жүрген қызметкерлердің біліктілігіне қатысты даулы мәселелер заңмен бекітіліп, бірнеше айдың өзінде кәсібилігін дәлелдей алмағандардан құқық қорғау органдары түбегейлі тазаланып қалды. Сол жылы 207 қызметкер ішкі істер органдарынан қызметтен босатылуға ұсынылды, аттестациялау алдында және оны өткізу барысында 117 қызметкер ішкі істер органдары қызметтерінен шығуына байланысты аттестаттаудан өтуден бас тартқан.

Жалпы, 2019 жылдан бастап, «Полицияның сервистік моделіне» көшу туралы нақты міндеттер қойылды. Қазір құқық қорғау саласында заман талабына сай бейнебақылау жүйесін қолдану кең өріс алып келеді. Әсіресе, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бейнебақылау жүйесі белсенді түрде енгізілді. Қала көшелерінде тәулік бойы қызмет атқаратын полицияның кешенді күштерін басқару үшін барлық облыс орталықтарында жедел басқару орталықтары құрылды. Бірақ бейнебақылау санын арттыру күштік құрылымдардың жұмысына толыққанды баға бермейтінін соңғы жағдайлар дәлелдеп бергендей болды. Өйткені бейбіт митингімен басталып, соны террористік топтардың шабуылына ұласқан ұрыста көптеген полиция және Ұлттық ұлан сарбаздарынан көз жазып, ауыр жаракат алды.



ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ТӨМЕН БОЛДЫ МА?

Мемлекетімізге қатер төндірген халықаралық террорлық топтар мен діни экстремистік ұйымдардың шабуылына тойтарыс бергеніне қарамастан, күштік құрылымдардың әскери дайындығына әлеуметтік желіде әркім өздігінше баға бере бастады. Қауіп-қатерге дайын еместігін, төтенше жағдайда әскери дайындығы жетіспеді дегендер де жетерлік.

Дегенмен күні кеше Мемлекет басшысы құқық қорғау саласындағы кемшіліктерге қарамастан, елдің қауіпсіздігіне қатер төнген уақытта ІІМ-нің арнайы күштері жауынгерлерінің террористік агрессияға тойтарыс берудегі ерлігін ерекше атап өтті. Мысалы, Президент Алматыда полициялердің шағын тобы екі түн қатарынан Полиция департаментінің ғимаратын басып алуға тырысқан бандиттердің шабуылын тоқтатқанын жеткізді.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта Қарулы Күштер, құқық қор-

ТІКЕЛЕЙ МИССИЯ КҮТКЕНДЕЙ БОЛМАДЫ

Заң ғылымдарының докторы Марат Қоғамовтың пайымдауынша, ел Президентінің тапсырмасы — өз денгейіне, мәніне және саяси-құқықтық пәрменіне қарай, қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің назірі жағдайындағы шұғыл, өткір және қисынды жолдау. Онда қазақстандық нұсқада көрініс берген терроризмнің жантүршігерлік салдарының алдын алу үшін елде кейінге қалдырмай іске асыру қажет жедел, перспективалық қадамдар мен шаралар жария етілді. «Бұл оқиғалар біздің армиямыздың, елдің басқа да әскери мемлекеттік органдарының нақты қабілетін айқындап берді. Олардың барлығы өздерінің тікелей миссиясының күткен биігінен табыла алмады. Оның әртүрлі себебі бар. Жалпы айтқанда, хабарсыз болды, дайын болмады, оқиғалардың белгілі бір кезеңінде террористерге жедел және кәсіби түрде қарсы тұра алмады. Ал бүгінде Ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің ұлттық мүддесін қорғау олардың жоғары ұйымдас-тырушылық деңгейімен тікелей байланысты емес пе?», — дейді профессор Марат Қоғамов.

ТІКЕЛЕЙ МИССИЯ КҮТКЕНДЕЙ БОЛМАДЫ

Запастағы полиция полковнигі Болат Каженов құқық қорғау органдары мен Ұлттық ұлан қызметкерлерінің әскери дайындығы аз болмағанын айтады. Керісінше, халықаралық террористер мен экстремистерге қарсы күресу кезінде анттарына адалдық танытты, қазір де күресіп жатыр. Оның ойынша, олар өздерінде бар қузыретті пайдаланып, барлық әскери дайындығын көрсетті. «Президент өз тапсырмасында олардың әскери дайындығын ары қарай көтеру, жауынгерлік оқу-жаттығу санын

МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫ МАҢЫЗДЫ

Болат Каженов құқық қорғау органдары мен Ұлттық ұлан қызметкерлерінің әскери дайындығы аз болмағанын айтады. Керісінше, халықаралық террористер мен экстремистерге қарсы күресу кезінде анттарына адалдық танытты, қазір де күресіп жатыр. Оның ойынша, олар өздерінде бар қузыретті пайдаланып, барлық әскери дайындығын көрсетті. «Президент өз тапсырмасында олардың әскери дайындығын ары қарай көтеру, жауынгерлік оқу-жаттығу санын

көбейтіп, арнайы бөлімдер құру керегін айтты. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық жағынан қорғалуға қатысты мәселені көтерді. Себебі полицейлер қоғамдық тыныштықты күзету шыққанда, қылмысқа қарсы күрес жүргізген кезде өзінің мемлекеттің қорғауында екенін анық білуі керек. Қазақстанда болған бұдан бұрынғы митингілерде қоғам арасында күштік құрылымдарға қатысты теріс пікір қалыптастырды. Бірақ олар өздерінің міндетін атқарып жатыр. Бүгін Президенттің көтерген мәселесі де сол, яғни өз міндетін атқарып жатқан қызметкерлердің ар-намысына тимеу үшін құқықтық статусын көтеру маңызды. Бұзақылар бүгін олардың ар-намысына тие алатын болса, ертең оларда полицейлерге шабуыл жасауға да болады екен ғой деген түсінік қалыптасады. Сол үшін құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қандай да бір жағдайда қарсы қылмыстық қудалау болғаны жөн», — дейді Болат Қойшыбекулы.

Оның айтуынша, қазір ішкі істер саласы мен Ұлттық ұлан қызметкерлері әскери дайындықтан үнемі өтеді. Жоспарлы түрде жыл сайын әскери және теориялық жағынан сынақ тапсырады. Сондықтан олардың әскери дайындығы төмен емес. «Бірақ бізде төтенше жағдай кезінде жедел әрекет жасайтын арнайы дайындалған жеке бөлімдер ашу керектігі қозғалып отыр. Әскер санын көбейтіп, арнайы бөлімдер ашудың маңызды екенін уақыт талап етіп отыр. Қазіргей қауіп-қатер арқандар уақытта бірінші қауіптен бетпе-бет келетін күштік құрылымдардың санын арттыру мемлекетке артық салмақ салмайды», — деді Болат Каженов. Осы салада талай жыл қызмет еткен ол әскери дайындықтан бөлек, күштік құрылымдардың қызметкерлерінің моральдық және патриоттық тұрғыда тәрбиелеу маңыздылығы басым екенін жеткізді.

Студенттердің күні Pfizer-ге қарады

Алдыңғы аптада «Болашақ» халықаралық стипендиясымен оқып жатқан студенттер шетелдегі оқуларына бара алмай жатқандарын айтып, білім мен денсаулық саласына жауапты министрлікке шағымданған. Айтуларынша, «Спутник V» вакцинасын салдырған студенттерді шетел қабылдамайды. Ал Pfizer екпесі біздің елде тек балаларға, аяғы ауыр және емізулі баласы бар аналарға ғана рұқсат етілген.

Жадыра МҮСІЛІМ

Шетелдегі оқуына бара алмай жатқан студенттер өздерінің ортақ чатында стипендия әкімшілігіне вакцинаға байланысты қиындықтар туып жатқанын, осы ретте бағдарлама әкімшілігі мәселені шешуіне көмектесуін сұрап жазған скриншоттары жарияланды. Осы мәселе бойынша студенттер Денсаулық сақтау министрлігіне де екпе алуға мүмкіндік жасауын, оның ішінде ақылы Pfizer вакцинасын алуға көмектесулерін сұрап хат жазған. Өйткені Pfizer екпесін ақылы негізде де алуға мүмкіндік жоқ. Балалар мен жүкті әйелдер ғана тегін ала алады, осы категория толық вакцинадан өтпейінше, стипендиаттарға әзірге рұқсат берілмейді. Алайда Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі қазақстандық студенттер ресми түрде өтініш жазбағанын жеткізді. «Олардың мәселесін министрлік қарастырып жатыр. Алдын ала ақпарат беріп, студенттерді үміттендіруге де болмайды. Себебі өздеріңіз білесіздер, Pfizer екпесі мемлекеттің ақшасына сатып алынған. Ал біз қыруар ақшаға келген екпені емін-еркін сала алмаймыз. Оның да өз есебі бар. Сол үшін алдымен қандай да бір келісім болғаны дұрыс», — дейді Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі. Сондай-ақ Білім және ғылым министрлігінің мамандары болашақтықтардың басындағы жайттан хабарлар болып шықты. Бірақ министрлік өз тарапынан қажетті шаралар қабылдас бұрын екпеге байланысты мәселе оң шешімін тапқанын күтіп отырған секілді.

КЕШІККЕН ТЕКСЕРІС

Қазір елімізде коронавируспен қарсы үш вакцина қолжетімді. Олар — «Спутник V», «Синофарм», QazVac.

Қазақстанға алғаш келген Ресейдің «Спутник V» вакцинасы әлемде бірінші болып тіркелгенімен, өндірушілер тиісті сынақтарды өткізбеді деген күдікке ілінген болатын. Сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «Спутник» вакцинасын көктемнен бері тексеріп, шешім қабылдау мерзімін бірнеше рет шегеріп келеді. Соңғы рет ұйым екпеге тексеріс жүргізуді осы жыл қолға алатындарын айтқанымен, әлі де асығатын сынайы жоқ. Ұйымның тексеріс жүргізуі ұзаққа созылғаны қазақстандық студенттердің де уайымына айналып отыр. Өйткені Қазақстанда екпе салдырғандардың жартысынан астамы «Спутник V» вакцинасын алған. Ал бұл екпені алғандарды бірқатар елдер өз шекарасынан кіргізбейді. Мысалы, АҚШ секілді елдер ресейліктердің вакцинасын алғандарды қабылдауға о баста түбегейлі қарсы болған. Американың ауруларды бақылау және профилактика орталығының ресми сайтында жарияланған мәліметтерге сенсек, елге кіру тәртібі бойынша вакцинаның I және II компонентін алғандар 14 күннен кейін АҚШ-қа кіре алады делінген. Оның өзінде елге тек ДДСҰ мойындаған вакцина алғандар ғана жіберіледі.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев өткен жолы кешігіп жеткен Pfizer вакцинасын ақылы негізде алу бойынша министрлікте нақты алгоритмдер даярланып жатқанын жеткізген. Нақты жұмыстар аяқталған соң БАҚ арқылы халыққа хабарланатынын да айтқан болатын. Тіпті, Pfizer-ді ақылы негізде алуға жақын арада шешкенімен, шетел шекарасынан екпенің екі компонентін алғандарды ғана өткізетіндерін жариялады. Ал ревакцинация (қайта егілу) препараттың бірінші дозасын алған соң, біраз уақыттан кейін енгізіледі. Оның өзі ревакцинация

толыққанды вакцина болмағандықтан студенттер ғана емес, ресейлік екпені қабылдаған қазақстандықтардың көбісі өзге елдерге шығуда мәселеге тап болуы мүмкін.

Ал біздің елде Pfizer екпесі неге қолжетіміз? Өйткені біздің елге кештетіп жеткізілген екпеге Қазақстанда әзірге ақылы алуға рұқсат бермей отырған екендігіне көрші елдерге барып салдырып, шетелге шығуға мүмкіндік алып жатыр. Қазақстанда әзірге ақылы алуға рұқсат бермей отырған екендігіне көрші елге барып салдырған Айдос Қазақбаев вакцинаға байланысты АҚШ-қа шыға алмай отырғандарға ақыл-көнесін айтыпты. Оның сөзінше, ол үшін

КҮНІМІЗ ҚЫРҒЫЗҒА ҚАРАП ТҮР

Елдегі екпе алуды министрлік шешіп бергенше шетелде оқитын

Бір ғана АҚШ-тағы сабағына асығып отырған Әлібек секілді оннан астам қазақстандық студент Өзбекстан мен Қырғыз Республикасынан екпе алып келген. Екпенің екінші дозасын осы айдың 18-19-на алуы керек. Бірақ қазіргі жағдайда қазақстандық студенттердің көрші елге баруы да қиындап тұр.

студенттер «Вакцина салдыруға «Болашақ» демеушілік жасамай ма?» деген ұсыныстарын жеткізген. Халықаралық бағдарламалар орталығының президенті Айнұр Кәрбозоваға қойған сауалдарында студенттер «Вакцинаның екінші компонентін алуға көмектесуді өтінеміз, біздің істәжірибеден өте алмай қалу қаупіміз бар. Стипендиаттарға Pfizer мен Қытай вакцинасын алуға «Болашақ» демеушілік жасауына болмай ма?» деген сұрақ қойған. Халықаралық бағдарламалар орталығы президентінің сөзінше, студенттердің өтінішіне



орай, тиісті министрлікке хат жолданған. Алайда Pfizer балалар мен жүкті әйелдер толық вакцинадан өтпейінше, стипендиаттарға әзірге рұқсат берілмейді. Амалы таусылған кейбір студенттер вакцинаны көрші елдерге барып салдырып, шетелге шығуға мүмкіндік алып жатыр. Қазақстанда әзірге ақылы алуға рұқсат бермей отырған екендігіне көрші елге барып салдырған Айдос Қазақбаев вакцинаға байланысты АҚШ-қа шыға алмай отырғандарға ақыл-көнесін айтыпты. Оның сөзінше, ол үшін

кізілген Pfizer вакцинасын халықтың арнаулы топ өкілдері ғана салдыра алады.

КӨПШІЛІК КОМИССИЯ ШЕШІМІН КҮТІП ОТЫР

Биыл «Болашақ» бағдарламасы арқылы АҚШ-тың Джордж Вашингтон университетіне оқуға түскен Әлібек Күнес те екпеге байланысты шетелдегі оқуына бара алмай отырғандардың бірі. Оның айтуынша, шетелдегі сабағы биыл қантардан басталуы керек болған. Бірақ Джордж Вашингтон университеті шетелдік студенттердің оқу бағдарламасына өзгерту енгізіп, сабақ ақпанның ортасына дейін шегерілген. «Сондықтан бізде екпенің жаңа түрін алуға біраз уақыт болды. Былтыр АҚШ үкіметі қазан айында жаңа қаулы шығарып, ол бойынша 8 қарашадан бастап елге кіретін азаматтардың барлығына Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бекіткен екпені алғандар ғана кіретінін хабарлады. Оның ішінде Спутник вакцинасы жоқ. Денсаулық сақтау министрлігі желтоқсанда Pfizer вакцинасы туралы бұйрық шығарып, әлем мойындап отырған екпені алу үшін қабылдаған екпемен аралығы кемінде алты ай болуы керек деген. Көбіміз вакцинаны тамыз тайында алғандықтан ол категорияға да кірген жоқпыз. Жаңа жылдан кейін ақылы түрде болады дегенімен, АҚШ тағы бір талабын шығарды. Олар вакцинаны салдырғаннан кейін 14 күнде өз елінде, тағы 14 күн сол елде оқшаулауда болуы керек екенбіз. Сонда бас-аяғы бір ай уақыт

керек. Амал жоқ, уақытымызды есептеп, Pfizer екпесін көрші елдерден іздей бастадық. Ташкент пен Бішкекте Pfizer екпесі тегін салынып жатқанын естіп, сол жақа барып салдырып келдік. Қазақстандық студенттердің көбі солай жасаған екен. Біз де жаңа жылдың алдында сол жақтан екпе алып, бір сағаттың ішінде «бірінші дозаны алдыныз» деген анықтаманы алдық», — дейді Әлібек Күнес.

Бір ғана АҚШ-тағы сабағына асығып отырған Әлібек секілді оннан астам қазақстандық студент Өзбекстан мен Қырғыз Республикасынан екпе алып келген. Екпенің екінші дозасын осы айдың 18-19-на алуы керек. Бірақ қазіргі жағдайда қазақстандық студенттердің көрші елге баруы да қиындап тұр. «Екінші мәселе — Бішкек пен Ташкенттен алған екпені елдегі Денсаулық сақтау министрлігі мойындап, екінші дозаны тегін болмаса да ақылы түрде алуға көмектессе», — дейді болашақтық студенттер. Оқуына бара алмай жатқандарын бұған дейін де олар Денсаулық сақтау министрлігі мен Халықаралық «Болашақ» бағдарламалар орталығының басшысы қауымдастығына да жеткізіпті. Өткен сенбі күні қауымдастық төтенше жағдайға қарамастан студенттердің талабы бойынша ведомстваралық хаттаманың қаралғанын жеткізді. «Барлық комиссия мүшелерінің қолы қойылғаннан кейін ғана нақты жауабы айтылады», — деді қауымдастық басшысы Айнұр Кәрбозова.

Қалалар қашан қалпына келмек?



Соңы бүлікке жалғасқан елдегі шерулердің экономикалық зардабы көпке дейін мемлекетке сызат боларын алдын ала болжаған едік. Осы күні лаңкестердің кесірінен ел үшін маңызы бар Алматы, Талдықорған, Шымкент, Қызылорда мен Тараз қаласындағы біраз ғимараттар қирап, бүлінген. Ал оны қалпына келтіру бір күнде біте салар іс емес. Қыруар қаржы мен ресурс шығын болып, еңбек күші қажет болады. Кемі 2 айсыз бұрынғыдай қалалардың көркем кейпін көре алмауымыз мүмкін.

Мадияр ТӨЛЕУ

ШАҒАРЛАР ОРНЫНДА ШАН КАЛА ЖАЗДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүлінген, қираған, өртенген ғимараттар көп қалаларды тез арада қалпына келтіру қажетін айтты. Дегенмен оның өзі қыруар қаржы мен ресурсты қажет ететінін айтпаса да белгілі. Қазір барлық өңірдегі шығынның түпкі нәтижесі анықталып үлгерген жоқ. Дегенмен жағдайдың жақсы емес екенін оңсыз да анық. Мәселен, елдің оңтүстіктегі бас шаһары саналған Алматыда жүздеген

көлік өртенді. Оның басым бөлігі мемлекеттік органдарға тиесілі. Дүкендер тоналды. Әрісі қару-жараққа дейін қолды болды. Жергілікті билікке қарасты ғимараттар өртеніп, қирады. Ондағы техника мен мүліктер тағы бар. Ал Шымкентте шамамен 5 мыңнан астам адам қала әкімдігінің ғимаратына шабуыл жасаған. Лаңкестер мемлекеттік қызметшілерге, полиция қызметкерлері мен әскерилерге қарсы күш қолданып, жәбір көрсетті. Жалпы, 50-ден астам әскерилер мен құқық қорғау қызметкерлері әртүрлі дәрежеде жаракат алған екен. Содырлар «Түркістан» сал-

танат сарайына, Көрме орталығына, Ж.Шанин атындағы академиялық драма театрына, «Nur Otan» партиясының кеңсесіне және өзге де ғимараттарға шабуыл жасап, әртүрлі деңгейде зиян келтірген. Жаппай тәртіпсіздік кезінде 59 автокөлік пен 3 автобус қирап, кейбір түгелдей өртеніп кеткен. Бүгінде Шымкентте конституциялық заңдылық қалпына келтіріліп, жағдай тұрақтандырылды. Бірақ шығын орасан. Қызылорда да осыған ұқсас жағдай болды. Әкімдік ғимараттары қирап, бас партия қызметкерлерінің жұмыс орны күлге айналды. Ақтауда бұзақылар көлік-

терді қиратты. Бұндай деректерді толассыз тізе беруге болады. Анығы — лаңкестердің залалы тимеген жер санаулы. Ал барлық шығынның нақты көлемі алдағы аптада ғана анықталуы мүмкін. Бірақ қираған қалалардың қалпына келу процесі біраз уақытты алғалы отыр.

2 АЙДА БӘРІ РЕТКЕ КЕЛЕ МЕ?

Біздің бүлінген қалалардың қанша уақытта қалпына келетінін болжамас бұрын, өзге елдерде болған оқиғаларды еске түсірген жөн болар. Мәселен, 2020 жылдың қазанында көрші Қырғыз Республикасында жалпыұлттық көтеріліс белең алып, шерушілер мемлекет пен кәсіпкерлерге тиесілі біраз ғимарат пен мүлікті қиратқан болатын. Шеру басылып, жағдай тұрақтанғаннан кейін ең көп зардап шегіп, шығынға ұшыраған Қырғыз елінің астанасы Бішкек қаласы екені анықталды. Сол кезде көрші елдің бас қаласын түгелдей реттеп, қайта қалпына келтіру үшін 5 айға жуық уақыт кеткен екен. Ал бізде өзгені айтпағанда, ең көп бүлінген Алматы қаласы екенін білеміз. Ондағы хәлді түгелімен реттеуге

ғимараттарды жоспарлаумен айналысатын Болат Өтебай мәселенің тез шешілуі құрылысқа жауапты адамдарға байланысты екенін айтып отыр.

— Қираған ғимараттардың көбі жеке кәсіпкерлерге тиесілі болуы мүмкін. Мысалы, бұл қатарға кафе, дәмхана, түрлі қызмет көрсететін орындарды қосамыз. Әдетте мұндай кәсіптік ғимараттардың реконструкциясын жасауға 45 күн немесе 2 ай уақыт кетеді. Бұл жай болжам ғана. Ал кәсіпкерлер құрылыс материалдарының сапасына көңіл бөлсе, жағдай басқа. Біреулер ғимаратты тек қалпына келтіре салуы мүмкін, енді біреу жаңадан тұрғызып деп шешім қабылдауы мүмкін. Сондықтан нақтысын айту қиын, — дейді ол.

Расында қираған тек жеке кәсіпкерлерге тиесілі нысандар ғана емес. Оңтүстік астанадағы әкімдік пен партияның, басқа мемлекеттік органдардың ғимараты бүлінді. Құрылыс саласының маманы, архитектор Айдын Ақбай билікке тиесілі нысандарды қалпына келтіру көп уақыт алуы мүмкін екенін жасырмады.

— Алдын ала болжам жасап, дөп басып айту қиын. Меніңше,

Қираған ғимараттардың көбі жеке кәсіпкерлерге тиесілі болуы мүмкін. Мысалы, бұл қатарға кафе, дәмхана, түрлі қызмет көрсететін орындарды қосамыз. Әдетте мұндай кәсіптік ғимараттардың реконструкциясын жасауға 45 күн немесе 2 ай уақыт кетеді. Бұл жай болжам ғана. Ал кәсіпкерлер құрылыс материалдарының сапасына көңіл бөлсе, жағдай басқа.

қанша уақыт кетпек? Бұл сауалдың жауабын құрылыс саларында жүрген мамандардан сұрап, білмек болдық. Кәсіптік

екі түрлі нұсқа бар. Біріншіден, егер мемлекетке қарасты ғимараттар қатты қираған болса, оны түзету ұзақ уақыт алады. Себебі

қаржы бөлініп, істі атқаратын мердігерді табу үшін конкурс жарияланады. Ал олар қанша уақытқа созатыны тағы белгісіз. Екіншіден, жеке кәсіптік ғимараттар өз алдына, тек көшедегі бағдарламалар құлап, аздаған зардап тиген болса, бәрі тез ретке келеді. Бірақ тарихи ескерткіштердің жайын зерттеу керек. Мұның бәріне арнайы комиссия құрылып, өз алдына баға беретін болар, — дейді Ақбай.

Біз пікірлескен мамандардың пікірі сан арнада болғанымен, болжамы бір. Бәрі де шамамен 2 айға жуық уақытта жағдай реттелетініне сенеді. Архитектор Шоқан Матайбеков қымбат мүліктерді есепке алмасқа, барлығы тез арада оңаларына дәмелі екен.

— Шыны керек, неше ғимарат қирап, қанша шығын келгені жайлы қолымызда нақты дерек жоқ. Анығын білмейміз. Жеке меншіктегі ғимараттар тез түзелетіні сөзсіз. Ал мемлекеттік меншігіндегі дүниелерге келгенде әңгіме басқа. Ақша қалай бөлінеді, теңдер қалай іске асады деген сауалдар бар. Нақты жауап беру қиын. Бүлік болды, бірақ залал аса көп емес тәрізді. Бірақ телеарналардың ғимараты бүлінді. Онда қымбат техникалар болуы мүмкін. Бұл да уақыт алады. Әйтеуір 1-2 айдың ішінде қала қалпына келеді деп ойлаймын, — деді ол.

Қайткен күнде де, Мемлекет басшысы айтқандай, жағдайдың тұрақтала бастағанына елдің де жұбанары сөзсіз. Себебі соңғы апта жұрттың тынышын алып, бейбіт күнді ансайтын хәлге жеткізгендей. Ендеше, осы оқиғадан сабақ ала отырып, мемлекет үшін бағалы қалалардың қайта қалпына келгені қуанышты еселегендей болар еді.



5 қаңтар күні Алматыдағы Қазақстанның Мемлекеттік Орталық музейіне бүлікшілер шабуыл жасаған. Сол сәтте музей директорының орынбасары Бибігүл Дәндіқарақызы жұмыс орнында болды. Ол бес сағаттан аса қанды қол бүлікшілермен бетпе-бет тұрып сөйлесуіне тура келгенін айтады. Нәтижесінде, арам пиғылды лаңкестердің музейдегі тарихи құнды жәдігерлерді қолды қылуынан аман алып қалуға қол жеткізген. Біз бүгін аталған оқиға қалай өрбиген және басқа да сауалдар төңірегінде кейіпкердің өзімен сұхбат жасадық.

«АЛТЫН АДАМ» МЕН ӨЗГЕ ДЕ АЛТЫННАН ЖАСАЛҒАН БҮЙІМДАРДЫ ТАЛАП ЕТТІ

— Алдымен оқиға жайлы айтпас бұрын оқырмандарға өзіңіз жайлы айта кетсеңіз. Жалпы, бұл музейде қашан бері жұмыс істейсіз?

— Осы Алматы қаласындағы Мемлекеттік орталық музейде 2003 жылдан бері қызмет етемін. Мамандығым — тарихшы. Музейдегі алғашқы еңбек жолымды қатардағы ғылыми қызметкер болып бастадым. 2013 жылдан бері музей директорының менеджерлік маркетинг жөніндегі орынбасары қызметіндемін.

— Шабуылшылардың сіздің мекемеге келе жатқанын қайдан естідіңіз?

— Біз сол күні орталық алаңда жаппай тәртіпсіздіктер болып жатқан соң музейдің негізгі есігін жауып тастап отырғанбыз. Өзім бейнекамера арқылы монитордан бақылап отырдым. Сол уақытта музейге таяу орналасқан жердегі ғимараттарға шабуыл жасалып, өртеніп жатқанын көрдім. Бір кезде сағат 15.30 шамасында бүлікшілер арасынан бір топ адам Назарбаев көшесімен өрлеп, біздің музейге қарай келе жатқанын байқалдым. Десе де, сол сәтте ішімде «дәл бізге келе қоймас» деген бір үміт те болды. Өкінішке қарай, ол

Бибігүл ДӘНДІҚАРАҚЫЗЫ:

Бар ойым мұражайдағы ұлттық жәдігерлерді сақтап қалу болды

үмітім ақталмады. Сағат 16.00 шамасында бір топ адам мекеменің артқы жақтағы есігін сындырып ішке кірді. Шамамен — 200-дей адам.

— Олар кірген бетте нені талап етті?

— Ланкестер музейге кірген бетте «Алтын адамды» және өзге де музейдегі алтын жәдігер заттардың қайда тұрғанын сұралды.

Жүргізіп алдарынан шығып, бар даусымен айқайлап, ештеңеге тиіспеуін өтіндім. Тұрғандардың барлығы — дерлік жастар. Олар менің сөзіме тоқтамай, ғимараттағы электронды құрылғыларды қирата бастады. Арасында біреулері менің сөздерімді естіп, қалғанына тоқтау салғандай болды.

Оларға «Бұл заттардың барлығы — ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Сындырманыңды, бұларды өрттесек, біздің тарихымызды ештеңе қалмайды. Ертеңгі күні сіздерге керек болады ғой» деген сөзім есімде.

Олар менен бірден «Алтын адамның» түпнұсқасы қайда?», «Алтын заттар қайда тұр?», «Қылыштар бар ма?» деп сұрай бастады. «Алтын адамның» түпнұсқасының бізде емес екенін айттым. Бұл уақытта музей залдарында негізгі жарық емес, кезекші жарық шамдары жанып тұрған. Соның көмегі тиді ме деп ойлаймын, кейбір заттар қараңғыда анық көздеріне түсе қоймады-ау деймін.

Сол сәтте музей туралы, музейдің қазір және болашақта не үшін

керек екенін тоқтамай айта беріп-мін. Араларына кіріп, бірде ортасына шығып, барынша сөздеріме иландыруға тырыстым.

Тіпті, арасында тұрған біреуі мені «өлтіріп кетейік» деп, жан-жағындағыларға айтқан көрінді. Мен мұны естімедім. Ол сөзді менімен бірге тұрған музей қызметкерлері естіпті. Бір кезде арасындағы 20 шақтысы намаздарын оқуға кірісті. Сол кезде музейде тыныштық орнады. Құлшылықтарын жасаған соң барлығы сөзге тоқтай бастағандай болды. Арасындағы біреуіне бағына бастады.

Шамамен 5 сағаттай уақыт өткен соң сырттан қара пальто киген екі жігіт келді. Жаксы киінген, тұзу адамдар сияқты көрінді.

ЖАРАЛАНҒАН 15 САРБАЗДЫ ЖЕРТӨЛЕДЕ ТЫҒЫП ОТЫРДЫҚ

— Олармен өңгіме қанша уақытта созылды? Келгендер музейден қалай және қай уақытта шығып кетті?

— Артынан келген екі адам топты басқарып жүргендермен сөйлесіп, Алматы әуежайына баратындарын, біраз уақыттан соң қайтып келетінін және музей ғимаратын өздеріне штаб қылатындарын айтты. Біз үнсіз бас ізеп, не де болса олардың тезірек кеткенін қаладық. Содан кейін барлығы біреуінің бұйрығымен сыртқа шықты. Бұл шамамен 21.00-ден асқан уақыт болатын.

200-дей шабуылшы музейде болған уақытта ғимараттың қор

сақтайтын арнайы жертөлесінде жаралы әскери мамандар болған еді.

— Жертөледегі әскерилер қай уақытта келіп еді?

— Әскерилер олардың алдында алаңнан жараланып келгендер болатын. Біздің музей алаңға өте жақын орналасқан ғой. Сондықтан басы жарылып, қолы сынған 15 сарбаз музей манайында құлап жатты. Соларға алғашқы көмек көрсетіп болып ішке кіргізіп алғанбыз. Оларды музейдің ең түпкі қоймасына жасырып қойғанбыз. Музейдегі 2 қызметкер жаралыларға білгендерінше, медициналық көмек жасады. Арасында қол-аяғына, көзі мен кеудесіне оқ тигендері де болды. Оларға қарап жыларман болдық. Шабуылдаушылар бес сағаттай музейде болған кезде бункерде құқық қорғау органдарының 15 адамы жаралы жатқанын білмеді. Біз де барынша білдірмеуге тырыстық. Араларында біреуі барынша тіміскілеп, сақтық танытып, бірденге сезіктеніп жүргенін байқадым. Оны да сөзге тартып, көңілін аулауға тырыстым. Бар ойым мұражайдағы жәдігерлерді сақтап қалу болды.

ҚОРҚЫНЫШТЫ ТҮС КӨРГЕНДЕЙ СЕЗІМДЕ ЖҮРМІН

— Музейге келтірілген шығын көлемі анықталды ма?

— Музейге келтірілген материал залал көлемі жақын күндері анықталатын болады. Ең

бастысы, Ұлттық мұраларымызға зақым келмеді.

Одан кейін қызметкерлеріміз екі күн бойы музейге қонып, ұлттық мұраларымызды сақтап қалды.

— Қазіргі көңіл күйіңіз қалай? Үрей басылды ма?

— Қазір бұрынғыша жұмыстамын. Дәл осы уақытта директорымыз кезекті еңбек демалысында болғандықтан сол кісінің міндетін уақытша атқарушымын. Әйел адам болғандықтан маған дұрыс қарады ма, әлде музейдің киесі, бабалар рухы қолдады ма білмеймін, осы жағдайдан аман қалдым. Өмірімде мұндай қорқынышты жағдайға бірінші рет түстім. Шынымды айтсам, шабуылшылармен бетпе-бет келгенде аса қорықпадым. Бірақ осы күндері бір қорқынышты түс көрген сияқты болып жүрмін.

— Шабуылшылар сіздің денсаулығыңызға залал тигізген жоқ па?

— Құдайға шүкір, сол оқиғадан мекеменің ешқандай қызметкері зардап шекпеді. Біз ол күні алаңда толқу болып жатқандықтан, біраз қызметкерімізді жұмыстан ертерек босатып, үйіне қайтарып жіберген едік. Музейде бар-жоғы 7-8 қызметкер болды. Барлығымыз дін аманбыз. Барша отандастарыма тілерім де амандық. Елімізде мұндай қиын сәт енді қайталану көрмесің!

— Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен сұйылтылған газ, жанар-жағармай бағасын тұрақтандыру үшін ел аумағында тиісті реттелген баға бекітілген. Сондай-ақ интернет болмаса да, халықтың басым бөлігі қолданатын Халық банк пен Каспи қосымшаларымен сауда жүргізе беру тапсырылған. Алайда Ақмола облысының бірқатар өңірінде бағаны жөнсіз көтеріп, бас пайдасы үшін биліктің айтқанын пысықрмай жатқандар да шығып тұр. Тіпті, Президент қадап айтса да, жанармай бағасын шекті бағадан асыра көтеріп жіберген жанармай бекеттері де табылған.

Бағаны жөнсіз өсірген кім?

Төтенше жағдай енгізілгеннен кейін халықтың басым бөлігі қолма-қол ақшасыз қалып, Ақмола облысының барлық аумағында банкоматтарда ұзын-сонар кезек қалыптасты. Бірқатар банкоматтарда ақша лезде таусылып қалған. Ал дүкендер мен сауда орындарында аударымдар қабылданбай тек қолма-қол есеп айырысу етек алған. Қолмен чек жазып беруге рұқсат етілгенімен, сауда орындары салықтан жалтарып, тек қолма-қол сауда жүргізуге көше бастаған. Ал жанармай мен газ бағасын шекті 70-75 теңгеден, АИ-92 жанармайы 182 теңге болып бекітілсе де, бағаны көтеріп жібергендер де анықталған.

ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫН ӨСІРГЕНДЕР ДЕ ТАБЫЛДЫ

«Аршалы кентіндегі жалғыз жанармай бекетіне бензин құю үшін бардым. Президент жанармайды 182 теңге деп бекіткенімен бұл бекет жанармайды 185 теңгеден қымсынбай-ақ саудалауға көшкен. Ал ұсынған карточкамды қабылдамай қойды. Аударым жасауға да келіспеді. Қожайыны рұқсат етпейті-мыс. Қолма-қол төлейтін ақшам жоқ. Жан-жаққа тамыр-таньсыма хабарласып қолма-қол ақша сұрауға мәжбүр болдым. Бірақ ешкімде қолма-қол ақша табылмады. Банктар жабылып, банкоматтарда ақша таусылып қалған. Ақмола облысының Біржансал ауданында да дәл осындай оқиғалар қайталанғанын естідім. Мемлекет басшының жүктеген тапсырмасы неге орындалмай жатыр? Сонда салықтан жалтарып онысыз да жүгенсіз кеткен бағаны қиын кезеңде көтеріп жатқан кәсіпкерлерге кім тоқтау салмақ?», — деп нальды Асылбек Байжұма Аршалы ауданынан.

Біз облыс орталығындағы бірқатар сауда орындарында дәл осындай жағдайды тағы байқалдық. Дүкендердің басым бөлігі интернетті жоктығын сылтауратып, халықтан қолма-қол ақша сұрауға көшкен. Дүкеншілер мұны интернеттің істемеуінен чек соға алмайтындықтарымен түсіндірмеді.

«Біз қолма-қол ақшамен ғана сауда жасауға мәжбүрміз. Интернет болмағандықтан кассалық аппараттар жұмыс істемейді. Каспи және Халық банктерінің қосымшасынан аударымдарды қабылдай алмаймыз», — деді «Рубин» сауда орталығының дүкеншілерінің бірі.

Аталған мәселені облыстың Мемлекеттік кірістер департаментінен сұрап, мәселенің мән-жайын білмек болдық. Департамент басшылығының айтуынша, кәсіпкерлік нысандарына тексеріске мораторий берілгендіктен олар арыз болмаса еш амал жасай алмайды екен.

«Төтенше жағдай кезінде яғни 5 қаңтардан 19 қаңтарға дейін сауда орындарына тұтынушыларға чекті қолмен жазып, кейін оны 15 күн ішінде тапсыруға нұсқау берілген. Кәсіпкерлер осылай жасауға тиіс. Әзірге қойылған талаптың бұзылғаны жөнінде облыстық департаментке еш арыз түскен жоқ. Біз тек арыз түскен жағдайда ғана тиісті шара қолдана аламыз», — деді Ақмола облысы Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары.

Мемлекет басшысы жүктеп бекіткен бағалардың өңірде іс жүзінде қалай орындалып жатқанын тиісті мемлекеттік органдардан да сұрап білмек болдық. Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті өңірдегі жағдайдың толықтай бақылауға алынғанын атап өтті.

«Мемлекет бойынша осыған дейін бағаны көтерген газ тарату кәсіпорындарының 22 субъектісі анықталып, жұмыс жүргізіліп жатыр. Ал дәл қазіргі уақытта облыс аумағында газдың бағасы 70-75 теңгеден саудаланып жатыр. Департамент мамандары күн сайын мониторинг жүргізіп, азық-түлік, газ және жанармай бағасын бақылауға алды. Қазіргі уақытқа дейін ешқандай бағаны көтеру оқиғалары тіркелген жоқ. Егер тіркелген жағдайда алдымен хабарландыру беріліп, одан кейін орындалмаса тергеу жүргізіліп жауапкершілікке тартылады. Өңірдің қалалық және облыстық кәсіпкерлік басқармалары және бөлімдерімен бірлесіп тиісті мониторингтер жүргізіліп жатыр», — дейді департамент басшысының орынбасары Әділ Болатұлы.

ШЫҒЫНҒА ЖҮМЫС ІСТЕП ЖАТЫРМЫЗ...

Газ бағасы бойынша бекітілген бағаның қалай орындалып, сондай-ақ газ таратушы компанияларға қалай әсер еткенін де анықтамақ болдық. Өңірдегі жетекші газ таратушы — «Көкшетау Транс Газ» компаниясы басшылығының айтуынша, Президентпен бекітілген газ бағасы сатып алып жатқан

бағадан әлдеқайда артық болып шыққан.

«7 қантардан бастап біздің компаниямен жұмыс істейтін барлық газ құю бекеттерінде баға 120 теңгеден 70 теңгеге дейін төмендетілді. Біз барлық сатып алушылармен шұғыл жиын өткізуге мәжбүр болдық. Қазір біз шығынға жұмыс істеп жатырмыз. Сұйылтылған газды келісіне 195 теңгеден сатып алатын кәсіпкерлер оны келісіне 120 теңгеден қалай сататынын түсіне алмай қалды. Қазір біз газ бағасын келісіне 100 теңгеден саудалап жатырмыз. Барлық шығындарды «Көкшетау Транс Газ» өз мойнына алып отыр. Ал оның қалдығын өтеле-тіні әлі белгісіз күйде болып отыр. Үкімет бұл мәселенің шешімін табатынына сенімдімін», — дейді «Көкшетау Транс Газ» компаниясының қаржылық директоры Батыр Әшіров.

ОБЛЫСТАҒЫ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Ал бүгін облыстағы жедел штаб жиынын өткізген облыс әкімі Ермек Маржықпаев өңірдегі жағдайдың тұрақты екенін атап, баға саясаты мен халық тұтынатын азық-түлік пен жанармайдың бағасы толықтай бақылауға алынғанын жеткізді.

«Қазір облыс аумағында жағдай тұрақты. Полиция ерікті азаматтардың көмегімен қоғамдық тәртіпті тұрақты сақтап отыр. Қолма-қол ақшамен тауар сатып алу мәселесі облыс аумағында шешілді. Бүгіннен бастап облыс аудандарындағы банкоматтарды қолма-қол ақшаға толтыру жұмыстары басталды. Сауда желілерінде қажетті азық-түлік тауарлары мен алғашқы қажеттіліктер жеткілікті. Облыстағы жауапты қызметтерге коммуналдық төлем, азық-түлік, газ, жанармай, көмір сияқты халық тұтынатын тауарларға баға саясатын сақтау жөнінде тиісті тапсырмалар бердім», — деді облыс әкімі Ермек Маржықпаев.

P.S.

Күрделі жағдай ешкімге де оңай соқпағаны шындық. Дегенмен ішінара жүгенсіз кеткен баға саясатын бақылауда тиісті органдардың тарапынан темірдей жауапкершілік қажет екені анық.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Ақталмаған 2 847 азаматтың ісі табылды

Бытыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, әр облыста өңірлік комиссиялар жұмысын бастаған еді. Жақында Шығыс Қазақстандағы өңірлік комиссия 2021 жылы атқарылған жұмыстарды баяндап, тың мәліметтерді жария етті.

Облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы Жасұлан Сәрсәбаевтың айтуынша, Шығыс Қазақстанда 26 адамнан тұратын өңірлік комиссия мен 35 адамнан тұратын 10 жұмыс тобы құрылған. Жұмыс тобының құрамына аймақтағы жоғары оқу орындарының оқытушылары, тарихшылар, ғалымдар, этномәдени және діни бірлестіктердің өкілдері енген. «2021 жылы өңірлік комиссияның төрт отырысы өтті. Бір қуантарлығы, 10 жұмыс тобының мүшелері бытыр 260 қордағы (оның 207-сі ашық, 53-і жабық) 13 814 істі (оның 10 862-сі ашық, 2 952-сі жабық) қарады. Мұрағаттардан ақталмаған 2 847 азаматтың ісі (оның 2 191-і ашық, 656-сы жабық қордан) табылып, 493 жаңа оқиға ақталмаған 2 847 азаматтың ісі (оның 2 191-і ашық, 656-сы жабық қордан) табылып, 493 жаңа оқиға анықталды. 2 847 азаматтың 2 666-сы оңалту шарттарына жатады, комиссия барлық қажетті құжаттарды дайындап қойды. 181 адам ақтауға жатпайды (оларға саяси ғана емес, қылмыстық іс қозғалған). Ақтауға жататын 2666 адамның 1687-сінің құжаты мемлекеттік комиссияның қарауына жіберілмеді. Қалған 979 азаматтың материалдары толықтырылып жатыр», — дейді басқарма басшысы.

Жоғарыда аталған 2847 істі тарқата айтар болсақ, оның 980-і бай-қулақтарға, 494-і Шығыс Қазақстанға жер аударылғандарға, 386-сы әр жылдардағы көтерілістерге, 249-ы Алаш қозғалысына, 140-ы Түркістан легионына, 123-і шетелге ауған қандастарымызға, 116-сы қонғаларымызға, 69-ы ұжымдастыру науқанына, 9-ы Желтоқсанға қатысты.

Басқарма басшысының сөзіне сенсек, әлі де мұқият зерттеп, зерделеуді қажет ететін, «аса құпия» деп белгі соғылған істер аз емес. Мәселен, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Полиция департаменті, прокуратура сияқты органдарда 24 мыңға жуық құпия істер бар. «Осы істермен ғалымдарымызды таныстырсақ деген ниетпен арнайы хат жаздық. Құпия белгісі



соғылған құжаттар қаншама құпияны жасырып жатқаны анық. Өткен жылы ұйымдастыру жұмыстарына көп көңіл бөлінді. Биыл комиссия құрамына заңгерлерді қоспақ ойымыз бар. Өйткені архивтен істері табылған азаматтарға заңдық, құқықтық тұрғыдан баға берілуі қажет. Яғни, ол азаматтарды ақтауға бола ма, болмай ма деген мәселенің басын ашып алуымыз керек. Екіншіден, аумақтық тәуелді кезеңде қаншама қандастарымыз Қытай асып кетті. Өткен ғасырдың 30-40 жылдары еліміздің әкімшілік бөлінуі басқаша болды. Шығыс Қазақстан облысы деген болған жоқ. Кейбір мәліметтер Павлодарда, Омбыда, Орынборда жатуы мүмкін. Сондықтан сол жақтардың архивтерін қарап, материалдар сұрастыру жұмыстарымыз бар. Үшіншіден, өңірлік комиссиямен шектелмей аудан-ауылдарда да арнайы комиссия құрып, экспедициялар ұйымдастыру қажет. Бұл жұмыстарға жастарды, волонтерлерді тартпақ ойламыз. Сол жұмыстардың нәтижесінде көтеріліс болған жерлерге белгі орнату, мемориалдық кешен ашу секілді шаралар жүзеге асырылуы мүмкін», — дейді Жасұлан Сәрсәбаев.

1939-1945 жылдары Германия, Финляндия және өзге де Еуропа мемлекеттерінде әскери тұтқын-ды, сондай-ақ «Түркістан легионында» болған қазақстандықтарды ақтау, зерттеу жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі, Д.Серікбаев атындағы ШКТУ Қазақстан тарихы және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы Амантай Жаксылықов өз жұмыс тобындағы ғалымдар архивте жұмыс істеп, көптеген істерді қарағанын айтты. Алайда жұмыстың нәтижесін, қанша қордың қаралғанын, қанша адамның құжаттары табылғанын айта алмайтынын жеткізді. «Жалпы-

лама айтуға болады. Істерді қарау барысында жау қолында тұтқынды болған азаматтарымыздың елге оралған соң көрмеген қорлығы, шекпеген азабы аз болмағанына көз жеткіздік. Олар әуелі филтрациялық лагерлерге түскен. Сол жерде тұқ қалдырмай тексерген, кінәсі болса түрмеге отырғызған. Кейбіреулерін үйлеріне, кейбірін КСРО-дағы ең ауыр жұмыстарға, шахталарға жіберген. Олар қандай дарынды болса да, өз қалауынша жұмыс істемеген. Өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасына дейін құзырлы органдар оларды ешқайда жібермей назарда ұстаған. Олар елге қайтқаннан кейін бір ауылда тұрған, ешқандай шығармаған. Балалары оқу орындарына түскенімен, комсомолға қабылданбаған, басшылық қызметтерге жіберілмеген. Тұтқынды болған азаматтарға ешқандай награда берілмеген. Бір дерек келтірейін. Мәселен, облыстық бір ауданының тұрғыны филтрациядан өтіп, үйіне жіберілген. Істе лагерде қанша жыл отырғанын жазбаған. Алайда 1951 жылы қайтадан соттап, басқа баппен айыптап, атып тастаған. Тағы бір қызықты дерек, «Түркістан легионында» өзге ұлт өкілдері де болыпты. Біздің жерлесіміз, Шығыс Қазақстанның тумасы екен. Жақында облыс әкімінің қатысуымен комиссия отырысы өткен. Отырыста филтрациядан өткен әскери тұтқындардың ісін құпиясыздынды керектігін айттым. Сонда тек «Түркістан легионы» ғана қалады. Бұл — үлкен тақырып. Жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Өйткені олардың арасында жай жұмысшылар да, интеллигенция өкілдері де болған, баспада жұмыс істеген, газет шығарған», — дейді тарихшы.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы



Ойыннан шеттетілмейді

Бейжің Олимпиадасында команда мүшелері коронавирус жұқтырған жағдайда құрамалар олимпиададан аластатылмайды. Бұл туралы Халықаралық олимпиада комитеті мәлімдеді.

Егер олимпиада кезінде спортшыдан коронавирус табылса, ол ауруханада немесе изоляторда оқшауланады. Олимпиада кезінде оқшаулағыштан шығу үшін 24 сағат көлемінде коронавирусқа тапсырылған екі тест теріс нәтиже көрсетуі керек. Сондай-ақ үш күн қатарынан дене қызуы қалыпты жағдайда болып, коронавирус белгілері байқалмауы тиіс.

Осы орайда коронавирус жұқтырған адаммен байланыста болған команданың өзге мүшелері

ковид хаттамаларын сақтау арқылы жарысты жалғастыра береді.

Науқаспен жақын байланыста болғандар коронавирусқа тест тапсырып, нәтижесі теріс шыққан жағдайда карантин шараларын сақтап, үнемі бетперде тағып, тамақты жалғыз өзі ішіп, өзгелерден 2 метр алшақ жүреді. Сонымен қатар күніне үш рет дене қызуын өлшеп, жарыс басталуына 12 және 6 сағат қалғанда ПТР-тест тапсырады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

«Торпедомен» ойын кейінге қалды



Құрлықтық хоккей лигасы «Торпедо» (Нижний Новгород) командасының екі ойынын кейінге шегергені жария етті.

«Барыс» хоккей клубы мәлім еткендей, «Торпедо» командасының 11 ойыншысы мен екі өкілінен коронавирус анықталған. Осыған байланысты КХЛ 11 және 13 қантар күні өтуі тиіс «Торпедо» - «Барыс» және «Торпедо» - «Кунь-

лунь Ред Стар» матчтарын өткізбеу туралы шешім қабылданды. Аталмыш қос бәсеке турасындағы шешім кейін белгілі болады.

«Барыс» командасы енді Мәскеуге ұшады. Одан кейін автобуспен Подольскіге барады. 13 қантар күні Юрий Михайлистің шәкірттері «Витязь» командасымен кездеседі.

Әбілмансұр ЖАСАН

КамАЗ-ды айдап, қару-жарақ ұрлаған

Полицейлер Алматыда жаппай тәртіпсіздік кезінде әскери көлікті айдап кеткен бүлікшіні ұстады. Қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі қолға түскен күдіктінің Павлодар облысы Екібастұз қаласының 27 жастағы тұрғыны екенін мәлімдеді. Сондай-ақ оның тонау деректеріне де қатысы бар екені белгілі болды.

Алматы қаласы Өжет шағын ауданында қолға түскен күдіктіден 30 оғу бар «Сайга» тегіс ұңғылы мылтық тәркіленді. Ол мылтық қару-жарақ дүкенінен ұрлаған. Бұдан бөлек, Алатау ауданының полиция қызметкерлері қару-жарақ дүкенін тонаған үш адамның

қолына кісен салды. Олардан қару-жарақ дүкенінен тәркіленген Атагмыс, Remington-700 және Sauer-202 маркалы мылтықтар тәркіленді. Қазір күдіктілердің барлығы қамауға алынды.

Ш.ЛАТЫХАНҰЛЫ



Бүлікке қатысқандар ЖҰМЫСТАН ҚУЫЛАДЫ

Террорлық топтың елімізде салған ойраны жұртшылықтың есін алды. Бұл бүлік жамбылдықтарға да оңай соқпады. Дегенмен бүгінде өңірде жағдай тұрақталды. Ахуал арнайы құрылған жедел штабтың қатаң бақылауында. Қоғамдық тыныштықты сақтау бойынша жергілікті билік пен ерікті халықтың, қоғам белсенділерінің бірлескен әрекеті де жалғасады. Соның нәтижесінде бүлінген нысандарды қалпына келтіру жұмыстары қарқын алды.

Бүгінде «Жасыл Ел-Тараз» ЖШС-ның 60 қызметкері тазалау жұмыстарына тартылып, осы таңға дейін 64 куб қоқыс шығарылған. Сондай-ақ өртке оранған көліктер қажетті орындарға жеткізіліп, бүлінген нысандардың аумағын тазалау жұмыстары жүргізілген. Бұған серіктестік тарапынан 4 техника жұмылдырылған. Алайда тазалық шаралары мұнымен шектелме емес.

Жағдай тұрақталғаннан бері базарлар сағат 17.00-ге дейін, дүкендер мен супермаркеттер 20.00-ге дейін, сауда орталықтары 19.00-ге дейін жұмыс істейді. Алайда сауда нүктелерінде 19 қантарға дейін алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салынған. Бұдан бөлек, халыққа қызмет көрсету орталықтары мен емханалар штаттық режимде жұмыс істеп жатыр. Ал мектеп оқушыларына демалыс уақыты 17 қантарға дейін ұзартылды.

Ал кешеден бастап қала аумағында 34 бағыттағы 222 автобус сағат 08.00-ден 21.00-ге дейін қатынайтын болды. Төлемсіз ТұрпатCard арқылы жүргізіледі. Сондай-ақ теміржол бағыты бойынша барлық бағыт штаттық кестеге сәйкес жұмыс істейді.

Бүгінде халықаралық «Әулие-Ата» әуежайынан «Тараз-Нұрсұлтан» бағыты бойынша күніне бір рейс (дүйсенбі, сейсенбі күндері сағат 9.30-да, ал қалған күндері сағат 18.45-те) қатынайды. Ал төтенше жағдайға байланысты «Тараз-Алматы» әуе бағыты тоқтатылды.

Бұған дейін 11 қантардан бастап қаладағы балабақшалар жұмысын бастайтыны айтыл-



ған. Алайда төтенше жағдай режиміне сәйкес қала аумағындағы балабақшаларға балаларды қабылдау 17 қантарға шегеріліп отыр.

Қала бойынша бүгінде 7 наубайхана жұмыс істеп тұр. Олар ЖК «Козин», ЖК «Бидай нан», «Тараз нан зауыты» ЖШС, ЖК «Касымов М.», «Надыров» ЖШС, ЖК «Шермухамедов» және ЖК «Ким В.В.». Шаһарда нан қажеттілігі тәулігіне 80 000 - 83 000 дананы құрайды. Тіркелген наубайханалар нанға деген қажеттілікті толығымен қамтып отыр. Қаладағы сауда орындарындағы нанның бөлшек бағасы 80-90 теңге аралығында сағылып жатыр, баға тұрақты. Қала бойынша наубайханаларда қазір 48 тонна жоғары сұрыпты ұн, 959 тонна бірінші сұрыпты ұн және «Ақ сарай» ЖШС 540 тонна бидай қалдығы бар.

Таразда барлық коммуналдық мекеменің ғимаратында коммуналдық төлемдер қабылданады. Интернет жүйесі болмаған жағдайда «ТГЭС» мекемесі «Жамбыл Жарық сауда» Мира 5, «Жамбыл Су» Қазыбек би 136, «КазТрансГаз» Қойгелді 177, «Жамбыл жылу» Чехова 14, «ТЭЦ» Исатай Батыр 8 мекенжайлары бойынша төлемақы жүргізуге болады. Автокөлік және мал базарлары әзірге жұмыс істемейді.

Облыстық жедел штаб берген соңғы ақпаратқа сүйенсек, Тараз қаласында жаппай тәртіпсіздік салдарынан 287 адам түрлі дене жарақатын алып, 42 адам ауруханаға жатқызылған.

Жедел операциялардың нәтижесінде 295 күдікті ұсталып, 19-ы соттың шешімімен қамауға алынып, қылмыстық іс қозғалды. 114-іне әкімшілік іс қозғалып, 108 тұлға 15 тәулікке қамаққа алынса, 3-іне айыппұл салынып, 3-іне ескерту берілген.

Бүгінде қылмыскерлерді ұстау, жедел іздестіру шаралары жалғасады.

Облыс бойынша 29 блок-бекет жұмыс істесе, оның ішінде Тараз қаласының кірісшығыс қақпаларына 10 блок-бекет қойылған. Барлық көлік тексеріледі.

Облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың өткізген штаб отырысында да көп нәрсе айтылды. Аймақ басшысы, әсіресе шеруге мемлекеттік қызметшілердің де қатысқаны туралы ақпарат барына айрықша басымдық берді. Егер бұл ақпарат дәлелін тауып жатса, мемлекеттік қызметшілер жұмыстан қулатынын Бердібек Машбекұлы шегелеп тұрып ескертті.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

57 адам қамалды

Шымкент қаласында болған жаппай тәртіпсіздік сәтінен бастап 3 520 адам Полиция департаментіне жеткізілген. Қазір 261 құқықбұзушылық анықталған. Ұсталған азаматтардың 223-і қамауға алынса, 19-на айыппұл салынған. 19 тәртіп бұзушыға ескерту беру туралы шешім қабылданды.



Полиция департаментінің мәліметі бойынша, барлық қозғалған қылмыстық істер бойынша жаппай тәртіпсіздіктердің 57 қатысушысы абақтыға қамалған. Күдіктілерден 6 патроны бар калибрі 16 мм шотланд мылтық, 9 мм жауынгерлік калибріге қайта жасалған 1 травматикалық тапанша 5 патронымен, калибрі 7,62 мм 67 жауынгерлік патрон және калибрі 5,45 мм 3 жауынгерлік патрон, сондай-ақ тәртіпсіздіктер кезінде Алматы облысының «Аппорт» сауда орталығынан ұрланған 23 дана «Айфон 11-ПРО» маркалы және «Самсунг а-25» маркалы 3 телефон тәркіленген.


Ал жаппай тәртіпсіздік кезінде Шымкентте қоғамдық қауіп-

сіздікті қамтамасыз етуде полиция қызметкерлері арасынан 48 қызметкер әртүрлі жарақат алып, зақымданған 91 автокөліктің 8-і өртенген.

Аймақта төтенше жағдай режимі жарияланған сәттен бастап үшін 83 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның 47-і қамауға алынған.

Сонымен бірге қаладағы 7 блок-бекетте жалпы 12 540 автокөлік тексерілген. Тексеру нәтижесінде тәртіпсіздікке қатысқан 8 адам ұсталып, көлікті қарау кезінде 1 газ тапаншасы тәркіленіпті.

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



«Қазақтелекомға» шабуыл жасалған

Елдегі жаппай тәртіпсіздік кезінде бүлікшілер телекоммуникациялық нысандарды да басып алуға әрекет жасаған. Бұл туралы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында «Қазақтелеком» компаниялар тобының басшысы Қуанышбек Есекеев жазды.

Оның айтуынша, содырлар Алматыда және басқа қалаларда орналасқан кенселерге бұқаралық коммуникация құралдарын тартып алу үшін шабуыл жасады. Алайда оларға компания қызметкерлері тойтарыс беріп, байланыс жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз еткен.

Қарақшылық шабуыл Алматыдағы технологиялық ғимаратқа, Алматы және Талдықорғандағы «Алматытелеком» өңірлік телекоммуникациялар дирекциясының ғимараттарына, Алматы, Талдықорған, Ақтөбе және Шымкент

қалаларындағы KCell және Tele2 кенселеріне жасалған.

«Оқиға кезінде ұялы байланыстың 50-ден аса базалық стансасына зақым келген. Оларды қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ланкестердің компаниялар тобына келтірген шығынын бағалау 1 миллиард теңгеден асады. Kcell компаниясының Алматы мен Алматы облысындағы 6 дүкенін тонап кеткен. Сонымен қатар компанияның екі үлкен кеңсесіне де шабуыл жасалды», — дейді Қуанышбек Есекеев.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

NJM
NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың

бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —

Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —

Алматы қаласы
Түрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —

Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —

Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —

Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК —

Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —

Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ —

Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102

Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102

Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

реklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4055

Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әмірқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114